МӘСЕЛЕ

Балаңыз мектепке дайын ба? 3

РУХАНИЯТ

Келменбет батыр 4

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Театрдың миссиясы – адам жанын руханияттың күшімен тазалау 5

ТҮЙТКІЛ

Бүгінгі тойда ой бар ма? 8

Сыр бойы

90 жыл

№126-127 (19804-19805)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

24 тамыз /СЕНБІ / 2019 жыл

САПАР

Жастар алмайтын асу жоқ

Кеше Арал ауданындағы «Қамбаш» олимпиадалар мен қосымша білім беру орталығында облыс әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Көшпелі кеңесті облыс әкімі, кеңес төрағасы Қуанышбек Ысқақов жүргізді.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Бейресми форматта өткізілген жиында Қазалы, Арал аудандарындағы жастар саясатының жүзеге асуы, әскери-патриоттық тәрбие беру, мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру жайлы сөз болды.

Кеңеске ауылдық округтердегі жастар ісі жөніндегі мамандар, «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің қызметкерлері, белсенді жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Қатысушылар өздерін толғандыратын мәселелерді көтеріп, еркін пікір алмасты.

– Кеңес бейресми еркін форматта өтті. Мұнда қатысқан әрбір жас аймақ басшысымен тікелей диалог құру мүмкіндігіне ие болды. Мамандық таңдау, жастар кәсіпкерлігі тақырыптарында сауал қойды. Тұшымды жауап алды. Қатысушыларды қызықтырған сауалдың бірі – жастарға арналған сыйлық. Облыс әкімі әсіресе, әскери патриоттық сезімді қалыптастыру, жастарды әскерге баруға үндеу керегін айтты. Бізге бірқатар тапсырмалар берді. Тиісті басқармалармен бірлесіп, жұмысшы тобын құрып, осы бағытта айқын мақсат белгілейміз. Әскери патриоттық сезімді қалыптастыру мектептегі алғашқы әскери дайындық пәнінен бастау алуы тиіс. Бұл орайда білім ошақтарының материалдық-техникалық базасын жарақтандыру мүмкіндігі қаралмақ, – дейді облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов.

Басқосуда аудан әкімдері, басқарма басшылары жастарды қолдау шаралары туралы баяндады. Мәселен, 2014 жылдан бері қызылордалық мектеп түлектері Ресейдің үздік техникалық ЖОО-ларында білім алып келді. Жас мамандар оқуды бітірісімен аймақтағы кәсіпорындарға, мекемелерге жұмысқа орналасуда.

Кеңесте аймақ басшысы белсенді, аз қамтылған отбасыдан шыққан, жұмыссыз және мүмкіндігі шектеулі жастарға «Жастар – Отанға!» республикалық жастар лагеріне жолдамалар табыстады.

Кеңес отырысынан кейін Қ.Ысқақов жастарға арналған алауды жағып, жиын соңы көңілді кешке ұласты.

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Жаһандану заманында бәсекеге сай ұрпақ тәрбиелеу керек

Қазіргі заман сынына қарсы тұру үшін оқушының бойында қандай білім мен дағдыны, көзқарастар мен құндылықтарды қалыптастыру керек? Мектептерге ұсынылып отырған жаңа стандарт өзгермелі заманда әлемге тән тенденцияларға сай ма? Оқушының алған білімі өмірлік қажеттіліктерін өтейтіндей түрлі жағдаяттарда шешім қабылдай алатындай, өзіне жауапкершілікті алып, сенімді болуға үйрету ата-ананың, мектептің және барша қоғамның міндеті болуға тиіс. Дәстүрлі тамыз конференциясы жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудағы ұстаздарды толғандырып жүрген өзекті мәселелерді талқылауға мол мүмкіндік берген алқалы жиын болды. Онда білім сапасын көтеру, қоғамдағы мұғалім мәртебесін айқындау, адамзат алдында тұрған жаһандық мәселелер қозғалды. Білім беру жүйесіндегі атқарылып жатқан жұмыстардың жалпы бағдары, оны жетілдірудегі мақсат-міндеттер айқындалды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

«Білім және ғылым» тақырыбындағы тамыз конференциясына облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының орынбасары Бану Нарбекова, Парламент депутаттары, жалпы 600-ге жуық сала маманы қатысты.

Алқалы жиынның ашылу салтанатында аймақ басшысы өңірдің білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі мақсат-міндеттерге тоқталып, атқарылып жатқан жұмыстарды саралады. Білім мен тәрбиенің қазіргі өскелең ұрпақ үшін маңызы ерекше. Облыс әкімі атап өткендей, білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген негізгі көрсеткіштер орындалуда. Дегенмен, одан бөлек, шешімін табуы тиіс бірнеше маңызды мәселелерге де назар аударды.

– Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болу білім деңгейімен өлшенеді. Қазіргі таңда адами капиталды дамыту және білім сапасын жетілдіру – негізгі міндеттеріміздің бірі. Бұл бағытта аймақта ауқымды жетістіктер мен нәтижелер аз емес. Өңірде жаппай білім беруді қолдау жүзеге асырылуда. Облыста балабақшалар желісі жыл сайын артып келеді. Оның 77 проценті жеке сектордың үлесінде. Нәтижесінде 3-6 жастағы балалар 100 процент қамтылып отыр. Балалардың ерте дамуы мемлекеттің табысты болуымен тікелей байланысты. Мұны әлемдік ғалымдар қашанда айтып келеді. Облыста 3 жасқа дейінгі балалардың балабақшамен қамтылуы әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Сонымен қатар, кейбір балабақшаларда оқу-тәрбие процесі өз деңгейінде жүргізілмейді. Бұл мәселе бұқаралық ақпарат құралдарынан, әлеуметтік желілерден көрініс тауып, халықтың сыни пікіріне көп ұшырауда. Осы ретте облыстық білім басқармасына қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, бұл проблеманың алдын алу шараларын қарастыруды тапсырамын,– деді Қуанышбек Досмайылұлы.

Соңғы 6 жылда облыста 69 мектептің құрылысы салынды. Нәтижесінде 3 ауысымды және 37 апатты жағдайдағы мектептер мәселесі шешілді. Қазіргі таңда Жаңақорған, Жалағаш аудандарында апатты деп танылған 2 мектептің құрылыс жұмыстары жүруде. Аймақ мектептерінің 60 проценті жаңа модификациялық пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етіліп, компьютерлер 100 процент жаңартылды. Ауыл мен қала мектебі, шағын және үлкен білім беру ұйымы арасында білім сапасында айырма болмауы тиіс. Бұл бағытта аймақта пәрменді шаралар қабылданып, мектептердің материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен нығайтуды да баса айтты.

2-бет.

МӘМІЛЕ

Облыс әкімдігінде ҚР Әділет министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі және жеке сот орындаушылардың республикалық палатасы арасында алимент өндіру және проблемалық алименттерді азайту туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Үшжақты меморандум жасалды

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов бұл меморандумның халықтың әл-ауқатын арттырудағы маңыздылығын атап айтты.

– Статистикалық ақпаратқа сүйенсек, облыстың жеке сот орындаушыларында алимент өндіру санаты бойынша 7474 өндіріс бар. Оның 733-і орындалуы қиындық туғызатын алименттер қатарында. Тәжірибе көрсеткендей, балаларды тәрбиелеу мен қамтамасыз ету бойынша негізгі әлеуметтік жүктеме көбіне әйел-аналардың мойнында екенін білеміз. Сондықтан бүгін біз осы мәселені шешу бойынша үшжақты келісімге қол қойдық, – деді аймақ басшысы.

Шарада жеке сот орындаушылар республикалық палатасының басқарма төрағасы Ернар Ибраев бұл меморандумның алименттерді өндіріп алу жұмысына ықпал ететінін жеткізді.

Меморандум аясында тараптар бір-біріне алиментті төлеуден жалтаратын азаматтарды анықтауға және олардан берешекті өндіріп алуға жәрдемдесуге міндеттеледі. Мұнан бөлек, тараптар алименттерді өндіріп алудың тиімділігін арттыру мақсатында іс-шаралар кешенін қамтитын бірлескен іс-қимыл жоспарын қабылдады.

ЕГІН – 2019

«Дала күні»: «Сыр сұлуы» сортына орақ түсті

Кеше Жалағаш ауданындағы «Таң ЛТД» ЖШС-ның егіс алқабында дәстүрлі «Дала күні – 2019» семинар-кеңесі өтті. Онда өңірдің агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері талқыланып, ауыл шаруашылығы өнімдері мен арнайы техникалар көрмесі ұйымдастырылды. Семинарға қатысқан облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов егіншілерді құттықтап, күзгі өнімді жинау жұмыстарына сәттілік тіледі.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Шараға қала, аудан әкімдері мен орынбасарлары, облыстық басқармалар мен тиісті салалық мекемелер, қоғамдық ұйымдар, шаруашылық басшылары қатысты. Сырбойылық шаруалар «Таң ЛТД» ЖШС-ның жұмысымен танысып, агросекторды дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасты.

– Өздеріңіз білетіндей, аймағымызды 6 жылдан астам уақыт басқарған бұрынғы облыс әкімі Қ.Көшербаевтың тікелей қолдауымен облыстың ауыл шаруашылығы саласын 2020 жылға дейін дамытудың Агрокартасы қабылданып, жүзеге асырылуда. Соңғы 5 жылда облыстың жалпыөңірлік өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі 2,6 проценттен 3,7 процентке ұлғайды. Аймақтың экспорттық әлеуеті де артты. Егер 2013 жылы біз тек 3 өнім түрін экспорттаған болсақ, қазір олардың саны 18-ге жетті, – деп атап өтті облыс әкімі.

Осы күні Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты ғалымдары шығарған жергілікті «Сыр сұлуы» күрішіне алғашқы орақ түсті. Аталған сорт серіктестіктің 8 гектар жеріне егілген. Көгілдір лентаны қию рәсімін облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов, «Таң ЛТД» ЖШС директоры Имамзада Шағыртаев және «Еңбек» ауылының 100 жастағы тұрғыны, тыл ардагері Бәти Аманбаева жасады.

Ғалымдардың айтуынша, «Сыр сұлуы» тұздылыққа және төмен температураға төзімді. Конкурстық сортсынақта өнімділігі гектарына 70-80 центнерге жетіп, стандарттан 4-7 центнер артық өнім берді. Ең жоғары өнім түптену фазасының басында және аяғында азот тыңайтқышымен үстеп қоректендіргенде алынды. Бұл сортты Қазақстанның күріш өсіретін барлық аймақтарында егуге болады. Жергілікті «Сыр сұлуы» сортын ауа райының қолайсыз жағдайлары мен топырақ ерекшеліктерінен көп қауіптенбей, облысымыздың барлық күріш өсіретін шаруашылықтарында егіп, тұрақты мол және сапалы өнім алуға толық мүмкіндік бар.

Егіс алқабында күріш өндірісін жүргізуде жаңа технологияларды пайдалану, агроөнеркәсіптік кешені саласындағы инновациялық жобаларды іске асыру және отандық күріш сорттарын өндіріске енгізу, әртараптандыру бағытында күріш ауыспалы егістігінде соя дақылын өсіру мәселелері сөз болды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сейілбек Нұрымбетов 2019 жылдың негізгі көрсеткіштері туралы баяндады.

– Ағымдағы жылы облыс бойынша 183,1 мың гектарға ауыл-шаруашылық дақылдары егілді, оның ішінде негізгі дақыл – күріш 87,9 мың гектар. Өткен жылмен салыстырғанда, күріштен басқа дәнді дақылдардың егістік алқабы 2,4 мың гектар болса, мал азықтық дақылдары 3,4 мың гектар, ал картоп, көкөніс және бақша дақылдары 639 гектарға артты. Облыста алғаш рет соя және қант құмайы отырғызылды. Шаруашылықтардың минералды тыңайтқыштар, гербицидтер мен ауылшаруашылық техникалары дайын. Метеорологиялық болжам да қолайлы, өнімді жинау жоспарланған мерзімде, яғни, қазан айының алғашқы онкүндігінде аяқталады деп жоспарлануда, – дейді басқарма басшысының міндетін атқарушы.

Сондай-ақ, семинарда өңірдің ауыл шаруашылығы мекемелерінің басшылары, Жалағаш, Шиелі және Қармақшы аудандарының әкімдері баяндама жасады.

Жалағаш ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаевтың айтуынша, 36675 гектар ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде негізгі дақыл – күріш 21800 гектарға егілген. Жаздық бидай 306 гектар болса, арпа – 50, мақсары – 2210, жаңа жоңышқа – 3530, ескі жоңышқа – 6079, картоп, көкөніс және бақша дақылдары 2700 гектарға орналастырылды.

Өткен жылмен салыстырғанда, жалпы егіс көлемі 285 гектарға артып, оның ішінде күріш көлемі 582 гектарға қысқартылған. Ал ескі жоңышқа, көкөніс пен бақша, мақсары егу жұмыстары көбейтілген.

2-бет.

№126-127 (19804-19805) 24 тамыз, сенбі 2019 жыл

Жаһандану заманында бәсекеге сай ұрпақ тәрбиелеу керек

– Бүгінде әлемдік өзгерістердің аса қарқынды жылдамдығын байқамау мүмкін емес. Мұндай жағдайда білім беруді болашақтың даму тенденцияларына бағыттау, жаңа экономиканың талаптарына лайықтау міндеті баршаға ортақ миссияға айналмақ. Шындығына келгенде, біз балаларды қазіргі жасампаз өмірге бейімдеуіміз керек. Сондықтан уақыттан оза жұмыс жасауымыз қажет. Заман талабына сай кей мамандықтардың да еңбек нарығында жоғалу қаупі расталған. Ал сұраныста ие мамандықтар қатарында ғарыштық туризм менеджері, электронды киімдер сервисінің жобалаушысы, роботтарды басқарушы бар. Жаңа заманның осындай сатыларына біздің балаларымыз дайын болуы керек, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы түлектердің жоғары оқу орны гранттарын иеленуі жыл сайын көбейіп келетінін де тілге тиек етті. Дарынды оқушылардың әлемдік деңгейдегі ең үздік оқу орындарында оқуына жағдай жасалу керектігін де жеткізді. Жаһандық бәсекелестік жағдайда білім берудің сапасын көтеру аса маңызды мәселе. Білім сапасын көтерудің жолы педагог мәртебесін арттырумен айқындалады. Бұл – әрбір педагогтың әл-ауқатына тікелей қатысы бар тарихи жағдай. Мұғалімдер жалақысының мөлшері алдағы 4 жылда екі есеге өседі. Осы ретте білім және экономиканы жоспарлау басқармаларына бюджетті жоспарлау барысында аталған мәселені назарға алуды тапсырды.

Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға барынша қолдау көрсету мақсатында биыл міндетті оқу қорынан 1,5 млрд теңге қаржы бөлініп, балалардың ыстық тамақпен, киіммен қамтылуына және жазғы демалысына жұмсалуда. Оған қосымша жергілікті бюджеттен 390 млн 400 мың теңге қаржы қаралды. Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жағдай жасап, осы санаттағы мәселелерді жедел жүргізуді қала және аудан әкімдеріне тапсырды. Балаларды әлеуметтік қолдау шаралары бойынша жұмыстар білім басқармасы мен әкімдіктердің ба-

1-бет.

қылауында болуы тиіс екендігін атап өтті.

Облысымызда жүргізіліп жатқан индустриалды-инновациялық жобаларға сәйкес, шағын және орта бизнес өкілдеріне қажетті сұраныста ие мамандарды даярлау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Жыл сайын 5 мыңнан аса түлек колледждерді бітіріп шығады. Дегенмен еңбек нарығына сәйкес олардың жұмыспен қамтылуы, өз кәсібін, бизнес жобасын ашу көрсеткіші өте төмен деңгейде. Бұл ретте білім басқармасы колледж жұмыстарын бағалауда осы екі критерийді негізге алуы керек.

Конференция барысында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының орынбасары Бану Нарбекова сөз алып, ерте жастан балаларды дамыту бағытына көп көңіл бөлу керектігін айтты.

– Орта білім дамуының жаңа стратегиясы қарастырылуда. 2021 жылдан бастап 12 жылдыққа көшу мәселесі байыппен, асықпай, кезең-кезеңімен, зерделеніп, қайта қарастырылады. Сонымен қатар үш тілділік жүйе әр мектептің, оқушының, сыныптың дайындығына байланысты жүзеге асады. Өздеріңізге белгілі, ауыл мен қала балаларының арасында ерекшеліктер бар. Оларды теңестіру мәселесі де алдағы күннің басты шаруасы болып отыр. Жастарды білім саласына тарту немесе педагогикалық кәсіпке шақыру да үлкен мәселе ретінде қарастырылуда. Биыл жоғары оқу орындарына бөлінген грант саны көбейгенімен, сол мамандықтарға тапсыратын түлектердің білім көрсеткіштері төмен. Мұғалім мәртебесі заң жобасында педагог өзінің білімін арттыру уақытын және мерзімін өзі таңдайтын болады. Сонымен қатар, тек өзінің негізгі жұмысынан басқа қосымша шаруалар жүктелмейді. Сынып жетекшілік пен дәптер тексеру жұмыстарына екі еселік үстемақы қойылатын болады. Бұл заңда педагогті қорғау мәселесі де жеке қаралған, – деді министрлік өкілі.

Конференцияда ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы сөз алды.

– Облыста биылғы жылы 165 мыңға жуық бала мектепке келетін болса, оның ішінде бірінші сыныпқа 22 мыңға жуық оқушы барады екен. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда, 2500-ге көп. Демек, жыл сайын демографиялық ахуалдың артқанын көреміз. Жалпы, Қазақстанның білім беру жүйесі үздіксіз дамып келеді. Күні бүгінге дейін жүргізілген толассыз реформалар отандық білім берудің сапасын жаңа деңгейге көтере алды ма? Барлық мектептерімізді біздің ұрпақтың түсіне кірмеген компьютерлермен, интерактивті тақталармен жабдықтағанымызбен олардың білім деңгейі өсті ме?

Мұғалім мәртебесін көтеру туралы заң қазір министрлікте жазылып жатыр. Сондықтан осы заң көп сұрақтарға жауап береді деп ойлаймын. Тағы бір мәселе – орта мектептердің дамуына қатысты. Астана, Шымкент қалаларында жылына 14-15 мың бала қосылып отырады. Оның барлығына мектеп салуға қаржы көтермейді. Жеке кәсіпкерлер есебінен жеке мектеп ашуға шақыруымыз керек,– деді Сенат депутаты.

Облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдебекова биылғы жылдың жаңалығы – балаларды ерте жастан дамыту бағдарламасы енгізілетінін және балабақшаға бару кестесі жаңартылатынын атап өтті.

– Балаларды балабақшадағы инклюзивті ортаға неғұрлым ерте үйретсе, мектепте оқуын жалғастыру соғұрлым жеңіл болады. Орта білім беру деңгейінде кестеге сәйкес жаңартылған білім беру мазмұнына көшу жалғасады. Барлық қажетті оқулықтар мәселесі шешілді. Бұл мақсатта облыс бюджетінен 1,7 млрд теңге қаржы бөлінді. 10 сыныптың оқу жоспарына «Графика және жобалау», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» жаңа пәндері енгізіледі. Алғашқы әскери дайындық курсының мазмұны толық жаңартылып, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» жаңа атаумен оқытылады. Сонымен қатар, биылғы жылы 9-сыныптар функционалды сауаттылыққа негізделген жаңа форматтағы мемлекеттік емтихан тапсыратын болады. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді 10-11 сыныптарда ағылшын тілінде оқытуды, мектептердің дайындық деңгейіне қарай кезең-кезеңімен енгізіледі, – деді басқарма басшысы.

Оқушылар санының өсуі орын тапшылығын тудыруы мүмкін. Басқарма басшысы бұл мәселенің бірнеше жолмен шешілетінін жеткізді. Қаладағы №4, 12, 87, 217, 278 мектептерге IT-лицей статусы берілді. Бұл мектептер қойылатын талаптарға сәйкес нәтиже көрсетуі керек. Жаңа оқу жылында 1450 оқушыға арналған 3 жеке мектеп ашылады. Биылғы жылдан бастап ыстық тамақпен қамту, лагерьге жолдама беру, тасымалдау, 1-сыныпқа қабылдау қызметтері автоматтандырылды. Наурыз айынан бастап республикада алғашқылардың бірі болып, мұғалімдерді жұмысқа қабылдау электронды түрде жүргізіле бастады. Қазіргі таңда осы жүйемен 129 мұғалім жұмысқа орналасып үлгерген.

Жиын барысында «Promethean» компаниясының бас консультанты Инна Стивенс, «BTS Digital» білім беру орталығының басшысы Нұрбек Саясат баяндама жасады.

Сондай-ақ, «Дарынды балаларды анықтауда ата-ананың рөлі» тақырыбында мәнерлеп сырғанаудан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Элизабет Тұрсынбаеваның әкесі Байтақ Тұрсынбаев, «Жас маманға жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында Сырдария ауданы, №35 мектеп-лицейдің ағылшын тілі пәні мұғалімі Айдана Жакиева сөз алды.

Тамыз конференциясына қатысушылар мен қонақтар «Цифрландыру – білім саласын дамытудың стратегиялық бағыты» атты танымдық көрмені тамашалады.

Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет еселеп арта бермек. Шара соңында бірқатар үздік педагогтар «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісімен, министрліктің және облыстың Құрмет грамоталары, Алғыс хаттармен марапатталды. Ал биылғы «Үздік білім беру ұйымы» номинациясын Байқоңырдағы №277 мектеп-лицейі жеңіп алды. Жеңімпаз білім ордасына 17 миллион теңгенің сертификаты табысталды.

ПІКІР

Жаңа мүмкіндіктер кезеңі

Кезекті тамыз конференциясында алдағы жаңа оқу жылына дайындық пысықталып, бағыт-бағдар берілді. Республикалық кеңесте талқыланған келелі мәселелер мен міндеттер де сөз болды. Әсіресе Инна Стивенс пен Нұрбек Саясаттың баяндамасында цифрлық заманда интерактивті технологиялардың мүмкіндіктері айтылды. Қазіргі мектептерге өзгеріс әкелетіндей қажетті бағдарлама туралы жақсы сөз қозғалды. Егер оны қолданысқа енгізсе, білім беру саласында үлкен нәтиже көрсете аламыз. Сондай-ақ, ауылдық жердегі мектеп оқушыларына қалалықтармен теңдей дәрежеде сапалы білім алуына жағдай жасау керектігін аймақ басшысы атап өтті. Әр мұғалім өз деңгейінде жұмыс жасаса, биік белестерді бағындыратыны сөзсіз. Ұзақ жылғы еңбегім ақталып, бүгін «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін иелендім. Мен үшін бұл марапат ұстаздық жолда жауапкершілікті одан әрі арттырады.

Нақтыланған бағдарламаға негізделген мұндай шаралар енді өз ауданымызда да жалғасын табады.

Шара БЕКЕЕВА,
№14 мектеп мұғалімі.
Арал қаласы.

Көтерілген мәселелер көңілден шықты

Облыс ұстаздарының жыл сайынғы басқосуында білім беру саласының алдында тұрған өзекті мәселелер қозғалды. Маған ұнаған тұсы – үштілділікке байыппен, кезең-кезеңімен оқушылар мен ұстаздар дайын болған уақытта ғана көшетініміз. Мұғалім мәртебесі туралы заң жобасында тек олардың әл-ауқатын, материалдық жағдайын жақсарту емес, бізге үлкен жауапкершілік артылатыны да жақсы көтерілді.

Мектеп жасынан бастап балаларды робототехника саласына дайындау мәселесі де бүгінгі күннің өзекті тақырыбына арқау болды. Сонымен қатар, нағыз сұраныста қажетті мамандарды даярлап шығару қазірден басталу керектігіне назар аударылды. Өз тарапымнан мұғалім мәртебесін көтеру туралы заң жобасына қазіргі жас педагогтарды жұмысқа аларда олардың жеке басының мәдениеттілігі мен білім сапасына қатаң талаптар қойылуын қосар едім.

Ләззат ҚАРАҚҰЛОВА.
№202 мектеп мұғалімі.
Жалағаш ауданы.

ҚАЛАЛЫҚ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Цифрландыру саланы алға жетелейді

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қызылорда қалалық білім беру қызметкерлерінің «BILIM jáne ǴYLYM» тақырыбында тамыз конференциясының пленарлық мәжілісі болып өтті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Облыс орталығы биылғы жаңа оқу жылын 63836 оқушымен бастағалы тұр. Өткен жылмен салыстырғанда оқушылар саны 5216-ға артқан. Биылғы оқу жылынан бастап бірінші сыныпқа баратын балаларды үйден шықпай-ақ «mektep sitken.kz» электронды порталы арқылы тіркеу жүзеге асты. Сондай-ақ, биыл ата-аналар мен мектептер арасында алғаш рет келісім-шарт жасалды. Бұл құжат екі жақтың құқықтары мен міндеттерін айқындамақ. Осы және өзге де өзгерістерді қамтыған тамыз конференциясында білім саласы қызметкерлерін қуантқан жаңалық аз болмады.

Шараға Қызылорда қаласының әкімі Н.Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары М.Бақтиярұлы, Б.Еламанов, Назарбаев университеті жоғары білім беру мектебі қосымша білім беру департаменті директоры Ж.Жонтаева, «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ вице-президенті М.Аманғазы қатысты.

Конференцияда сөз алған сенатор М.Бақтиярұлы білім саласындағы кейбір түйіні шешілуін күткен мәселелерге тоқталды. Атап айтқанда, мұғалімдер мәртебесі туралы заң биылғы жылы қабылданбақ. Сонымен қатар көп талқысына түскен үштілділікті білім беру саласына енгізу қалай жүзеге асатыны нақтыланды.

Қазіргі білім беру жайы туралы сөз қозғаған Назарбаев университеті жоғары білім беру мектебі қосымша білім беру департаменті директоры Ж.Жонтаева оқушыларды заман талабына сай мамандыққа бейімдеу қажеттігін атап айтып, бүгінде жойылып, бара жатқан мамандықтар және болашақтың мамандығы жайында ақпарат берді.

Өз кезегінде «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ вице-президенті М.Аманғазы білім беру саласының дамуы бойынша кейбір деректерді алға тартты.

Конференцияда баяндама жасаған қалалық білім беру бөлімінің басшысы М.Әбдіхалықова облыс орталығындағы білім саласының жай-күйіне, жетістіктер мен жоспарларға тоқталды.

Білім бөлімі басшысы атап айтқандай, жыл сайын білім беру нысандарының саны артып келеді. Өткен жылы Тасбөгет кентінде 140 орындық жаңа балабақша пайдалануға берілсе, сол жағалаудан 320 орындық балабақша өз жұмысын бастады. Сондай-ақ, қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округіндегі балабақша күрделі жөндеуден өтіп, жақында пайдалануға берілмек. Тағы бір атап айтарлығы, үш ауысымдық, апатты мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапқан Сыр елінің бас қаласында жаңа білім ошақтары жыл сайын көбеюде. Биылдың өзінде Жаппасбай батыр көшесінде 600 орындық жаңа мектеп пайдалануға беруге жақын қалса, қаладағы №198 орта мектеп жанынан 200 орындық, №261 орта мектеп жанынан қосымша 150 орындық ғимараттар салынуда. Сондай-ақ, қаладағы бес мектепке IT мектеп-лицейі статусы берілсе, инновациялық мектептер саны 20-ға жеткен.

Конференцияны түйіндеген қала әкімі білім беру саласын заманауи талаптарға жауап беруге бейімдеу басты назарда екенін атап айтты.

– Білім саласына заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету, цифрлық білім беру институттарын дамыту, кең жолақты интернетке қосу және мектептерді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстары биылғы оқу жылының негізгі басымдығы болып табылады,– деді ол.

Н.Нәлібаев республикалық тамыз конференциясында Мемлекет басшысы көтерген мәселе бойынша жас ұрпаққа сапалы білім мен ізгі тәрбие беру мақсатында қаладағы білім саласы басшыларына нақты тапсырма берді.

Шара соңында үздік мұғалімдер түрлі марапатқа ие болды. Атап айтқанда, №6 мектеп директоры А.Сейілханов, №218 мектеп директоры Ж.Азнабаева ҚР Президентінің алғыс хатына ие болса, он үздік мұғалімге қала әкімінің арнайы сыйақысы – 150 мың теңгенің сертификаты табысталды. Білім саласына еңбегі сіңген ардагер-ұстаз Амангелді Исаға «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Айта кетелік, жаңа оқу жылында жаңа қонысқа ие болып жатқан мұғалімдер де бар. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша баспаналы болған №144 орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Б.Садыковаға, №235 орта мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімі А.Сыдықовқа пәтер кілті табысталды.

«Дала күні»: «Сыр сұлуы» сортына орақ түсті

– Ауданда 146 шаруашылық егін егумен айналысады. Егінді орналастыру, күтіп-баптау және жинау барысында барлығы 1498 адам жұмыспен қамтылды. Күзгі егін жинау жұмыстарына 402 трактор, 240 комбайн, 103 жатка, 100 жүк көлігі және 155 трактор тіркемесі қатысады. Бүгінгі күнге ауыл шаруашылығы техникаларының 100%-і жөндеуден өткізілген. Сонымен қатар, 3530 га жаңа жоңышқа толық орылып, жиналған жалпы өнім 3707 тоннаны құрап отыр. Бұдан бөлек, көкөніс және бақша дақылдарын жинау жұмыстары жалғасуда. Қазіргі таңда 1000 гектар көкөністің 320, 1200 гектар бақшаның 430 гектарынан өнім жиналуда, – деді Жалағаш ауданының әкімі.

Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашов, Шиелі ауданының әкімі Әшім Оразбекұлы суды көп қажет етпейтін егіс дақылдары – соя, мақсары, бидай егуге қатысты өз пікірлерін білдірді. Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ЖШС бас директорының міндетін атқарушы Әсет Тоқтамысов отандық өнімдердің үлесін арттыруда жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды.

1-бет.

– Биыл күріштің «Сыр сұлуы», «Әйгерім» сортын егуді бастап кеттік. Аталған күріш сортының өзге күріш тұқымдарынан, әсіресе, ресейлік күріш дақылдарынан артықшылығы бар. Біз келесі жылы облыста егілетін күріш көлемінің 20-25 проценті отандық сорттан болатынын айтқымыз келеді. 2021 жылға қарай бұл сорттар көбейтіліп, аймақ байынша 50-55 процентке жеткіземіз деген ойдамыз, – деді Ә.Тоқтамысов.

Қармақшы ауданындағы «Тұрмағанбет» ЖШС директоры Нұржан Пірмантаевтың айтуынша, биыл еккен 20 гектар сояны сатып алушылар табылған. Сондықтан алдағы жылы осы дақылды көптеп егуге бел буып отыр.

«Дала күніне» қатысушылар алдында сөз сөйлеген И.Шағыртаев мемлекеттік қолдаудың арқасында өзі басқаратын шаруашылықтың табысы арта түскенін айтты. «Таң ЛТД» ЖШС күріштен басқа мал бағумен, бақ баптаумен айналысады.

Семинар-кеңес соңында облыс әкімі егінді ысырапсыз жинап алуды тапсырып, күзгі дала жұмыстарын уақытылы жүргізуді ұдайы бақылауда ұстау керектігін ескертті. Қатысушыларға алдағы «Алтын дән» мерекесінде мол табыспен қауышуға тілек білдірді.

ПІКІР-ПАЙЫМ

Сабақтастық серпіні

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы игі істерге жетелейтін басты қағидаға айналуда.

Үш кезеңнен тұратын сайлауалды бағдарламадағы бірінші бөлім – сабақтастық. Бұл – инвесторлар мен кәсіпкерлердің жұмысына аса қажетті ұстаным. Жолға қойылған бағытты, дәстүрлі экономика жұмысын қазіргі заман талабына сай жүзеге асыру.

Бүгінгі күні ауданда мемлекеттік бағдарламалар бойынша 551 млн теңгені құрайтын 74 жоба қаржыландырылды.

Индустриаландыру бағдарламасына сәйкес, өнеркәсіп өнімінің көлемін арттыру бағытында 3 жоба жүзеге асырылуда.

Біріншісі, «Гежуба Шиелі цемент» ЖШС іске қосылып, жұмыс істеуде. Бүгінгі күні зауыт цементтің 4 түрі бойынша 155 мың тонна өнім өндіріп (оның 6,5 мың тоннасы экспортқа шығарылды), 260 тұрақты жұмыс орны ашылды.

Екіншісі, «Фирма Балауса» металл өңдеу жобасы іске асырылуда. 2019 жылдың 1 қаңтарына экспорт көлемі 3,2 есеге ұлғайтылып, 200 тонна аммоний метаванадатын экспорттады. Биылғы жылы 5 оксидті ванадий өндіру цехының құрылысы жүргізілуде. Цех осы жылы іске қосылады. Қазіргі таңда кәсіпорында 147 адам жұмыс жасайды.

Үшіншісі, «Тан ЛТД» ЖШС-ның «Күріш және құрама жем өндірісі» жобасы. Мемлекет тарапынан 5000 гектар жер телімі егіндік мақсатта табысталды. Қазіргі таңда 1000 гектардың үстінде жоңышқа және мақсары дақылдары егілді.

Сонымен қатар, «СырАгро и К» ЖШС-ның 1100 басқа арналған тауарлы сүт фермасының жобасы аймақтық үйлестіру кеңесіне ұсынылып, қолдау тапты. Өндірістік мақсатқа 500 гектар жер телімі табысталды, жылына 5,3 мың тонна сүт өндіру әлеуетіне ие.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасындағы негізгі бөлім – әділдік. «Әділ іс – ағын судың арнасындай, әділ сөз – болат семсер алмасындай» дейді халық даналығы. Кез келген қолға алынған жобаның жүзеге асырылуы барысында кездесетін мәселенің ақ-қарасын ажыратып, тиімді шешім қабылдай білу – басты қағида.

Бүгінгі күні аудан бойынша аз

қамтамасыз етілген 2920 отбасына (13161 мүшесі) атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

Үшінші бөлім өрлеу, бизнеске арналған. Бірінші кезекте отандық кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау міндеті тұр. Президенттің сайлауалды бағдарламасы кәсіпкерлер үшін қолайлы орта қалыптастыру болып табылады.

Осы жылы жаңа бизнес-идеяларды іске асыру бағытында 31 азаматқа 7 млн 575 мың теңге көлемінде мемлекеттік грант берілді.

«Жастар жылына» байланысты 29 жасқа дейінгі 100 азаматқа 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру бағытында мемлекеттік грант беру мақсатымен 50 млн 500 мың теңге бөлініп, шілде айынан қолға алынды.

Сондай-ақ, мал басын көбейту бағытында 29 азаматқа 113 млн 200 мың теңге көлемінде шағын несие беріліп, кәсіптерін ашуда. Қосымша 32 жаңа жұмыс орны құрылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Жүзеге асырылып жатқан барлық мемлекеттік бағдарламалар, ең алдымен, халқымыздың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталуы тиіс. Сондықтан, осындай аса жауапты міндетті жоғары деңгейде атқаруымыз керек. Бұл, ең алдымен, еліміздің бүгіні үшін аянбаған ата-бабалардың ісін жалғастыру деп түсінуіміз қажет» деген болатын.

Мемлекетіміздегі баршаға ортақ игілік табысты бастамалармен сабақтасып, жүйелі жұмыс жолында әділдік пен адалдық салтанат құрса, мәңгілік елдің өрлеуі тұғырлана түспек!

Әшім ОРАЗБЕКҰЛЫ,
Шиелі ауданының әкімі.

Экономиканы қолдан басқару

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРАДЫ

Экономика, әсіресе нарық экономикасы кез келген тосын құбылыстарды тез қабылдайтын нәзік түйткілдің бірінен саналады. Ондағы жылдам өзгерістерді бақылаусыз, бетімен жібермес үшін атқарушы билік белгілі бір тежегіш механизмдерді қолданып отырады. Бұл жалпы, либералды экономикадан тысқары жатқан кез келген экономикаға тән.

Жуырда ҚР Ұлттық экономика министрі Р.Дәленов баспасөз конференциясын өткізіп, барлық өңірде әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағаның инфляциядан озық екенін мәлімдеді. Бұл тауарларға бағаның өсуі 7,2%-тен 15,1% аралығында болған. Ең жоғары өсу Нұр-Сұлтан (15,1%), Жезқазған (11,8%), Талдықорған (10,4%), Ақтөбе (9,9%) Атырау (9,8%) қалаларында орын алған.

– Біздің міндетіміз – инфляцияны 4-6% дәлізінде сақтау. Биыл жалпы инфляция беталысы біршама төмен. Инфляцияның жылдық мәні шілде айының қорытындысы бойынша 5,4% құрады. Жыл соңына дейін біз бағаның өткен жылдағыдай өсуіне жол бермеу үшін барлық шараны қабылдайтын боламыз, – деді Р.Дәленов.

Қазір еліміздегі жергілікті атқарушы органдар осы бағытта жұмыс жүргізіп жатыр. Тиісті жерлерде сауда ережесіне енгізілген жаңа өзгерістер бойынша тұрғындарға азық-түлік өнімдерін, жеміс-көкөніс өнімдерін өндіруші бағасына жақын бағамен, барынша аз шығынмен сатуға мүмкіндік беретін көтерме-тарату орталықтарын салу қолға алынды. Сонымен қатар тұрақтандыру қорларының жұмыс рәсімдері жеңілдетілді. Бағаға мониторинг жүргізу және бағаны құруда делдалдық операциялар мен келісуді анықтаудың құралдары бар.

Мәселен, жыл басынан бері Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті 11 субъектіге қатысты нан, сүт өнімдері, қант, ет, құс еті нарығында жеті зерттеу жүргізді. 4 субъекті әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға 4 млн теңгеге жуық сома айыппұл салынды, 6 млн теңге көлеміндегі монополиялық табыс алынды. Қалған субъектілер бойынша істер әкімшілік соттың қарауында жатыр.

«Жұмыстарды жүргізіп жатырмыз, бағалар бұрмалануына үнемі мониторинг жасаймыз. Қажет болған жағдайда және шағым түссе, біз заңнамаға сәйкес шара қабылдау үшін тексеруге шығамыз» деді министр бұл орайда.

Сонымен қатар Р.Дәленов сауда желілерінде үстеме баға бойынша шектеу қойылатынын атап айтты. Бұл 19 позиция бойынша әлеуметтік маңызы бар тауарларға ғана қатысты. Олар бойынша сауда желілерінде үстеме баға 15%-тен аспауы тиіс. Заңнамалық өзгерістер қабылданған.

Әрине, нарық жағдайында оның өз табиғатына тән туындауы мүмкін теріс құбылыстарды ескермесе және болмайды. «Бұл ретте сөрелер бос қала ма деген үрей туындайды. Оған жол бермеу үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға сауда желілеріне айналма қаражатын ұсыну құқығы берілген», – деп түсіндірді министр.

Қазір сөрелердің 30%-ін тек қана отандық азық-түлік тауарларына ұсынуды көздейтін норма енгізілді. Бұл бір жағынан азық-түлік тауарлары бағасының бақылануына әкеледі.

Қазақстанда осы жылдың басынан бастап инфляция 4-6% дәліз шегінде сақталуда. Жылдық инфляция 5,4% деңгейінде қалыптасты, ал 2018 жылдың шілдесінде ол 5,9% құраған болатын.

Қазір Үкімет барлығына талдау жүргізуде. Инфляцияның өсуіне ең көп әсер еткен – азық-түлік тауарлары. Олардың инфляция өсіміне қосқан үлесі 3,4 процент құрады. Осы тауарлар бағалар өсуінің шамамен 63% құрады. Азық-түлік бағалары өсуінің жартысы әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік тауарларына тиесілі.

Үкімет жүргізген талдау бойынша биыл инфляцияны берілген дәлізде ұстап қалу үшін 10 тауар анықталды. Олар – пияз, сәбіз, картоп, қызылша, күріш, ұн, жылқы еті, қой еті, сиыр еті және нан. Тауарлардың осы тобы бойынша күшейтілген бақылау жүргізіледі. Сондай-ақ, олардың бағаларын төмендету бойынша шаралар қабылдануда.

Үкіметтің талдауы бойынша қазір тауардың бағаларын ұстап тұру үшін барлық қажетті құралдар бар. Бұл тұрақтандыру қорлары және сауда желілерін кредиттеу, көтерме-тарату орталықтары, делдалдық операцияларды мониторингтеу және тексеру болып табылады. Аталған құралда жергілікті атқарушы органдарға бағалардың өсуін барынша тиімді тежеуге мүмкіндік береді.

Аталған мәселе бойынша елімізде жаңа сауда ережесі енгізілді. Бұл орайда отандық өндірушілерге барлық сауда объектілерінде өздерінің тауарларын орналастыруға мүмкіндік беріледі. Ол үшін ішкі сауда субъектілерінің отандық азық-түлік тауарлары үшін кемінде 30% сөрелік кеңістікті немесе сауда алаңын ұсыну міндеті көзделді. Бұл ретте халықтың ыңғайы үшін отандық өндіріс тауарларын орналастыру орындары «Қазақстанда жасалған» арнайы белгісімен белгіленетін болады.

Бағаларды тұрақтандырудың тағы да бір шарасы – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесін 15%-тен аспайтын мөлшерде бекіту. Жуырда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік ережелері күшіне енді. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар сатып алынатын тауардың уақыты мен саны және оны өткізу бойынша тұрақтандыру қорының резервтерін қалыптастырудағы іскімылдардың дербестігін алды.

Осы жылы «айналым» схемасы бойынша пилоттық жоба бес өңірде Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Қостанай, Қызылорда, Алматы облыстарында жоспарлануда. Келесі жылы «айналым» схемасын іске асыру еліміздің барлық жерінде және барлық 19 тауарлық позиция бойынша жоспарланып отыр.

Қайта сатып алушыларды қысқарту мен тамақ өнімдерін сақтау, буып-түю, өткізу және тасымалдау бойынша өндірушілерге қызметтер көрсету мақсатында көтерме-тарату және тарату орталықтарын салу жоспарлануда. Бес өңірде көтерме-тарату орталықтарын салу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Олар – Жамбыл, Батыс Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары.

Көтерме-тарату орталықтарын салумен қатар бөлшек сауда инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары жүргізілуде. Өңірлерде 30-дан астам ірі сауда объектісі салынып жатыр. Сонымен бірге 50-ден астам сауда нарықтары жаңғыртылуда.

Қазір республика бойынша қолда бар және жауапты сақтаудағы азық-түлік тауарларының көлемі 29,8 мың тонна құрайды. Сатып алу интервенцияларын жүргізу үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар есебінде 3,7 млрд теңге қаражат бар.

2021 жылға қарай көкөніс өнімдерінің көлемін арттыру бойынша индикативті болжамдарға жету үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінде тұқым, тыңайтқыш және гербицид бағасын жартылай арзандату жолымен негізгі субсидиялар беру қарастырылуда.

Сонымен қатар, сыйақы мөлшерін субсидиялау, жаңбырлатқыш машиналар мен суару жүйелерін инвестициялық субсидиялау жолымен жеміс-көкөніс өнімдері өндірісін арттыру үшін экономикалық жағдайлар жасалған. Мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттыру үшін ет пен сүт өндірісінің көлемін ұлғайтуды көздейтін ұзақ мерзімді салалық бағдарламалар бекітілді.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды көздейтін субсидиялау қарастырылды. Бұл бағытта «ҚазАгро» холдингі арқылы қажетті несиелік ресурстар беріледі. 2018 жылы Холдингпен агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру көлемі 400,1 млрд теңгені құрады. Осы жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша АӨК қолдау мақсатында холдинг 261,5 млрд теңге бағыттады.

Жалпы, экономиканы жауапты кезеңде қолдан басқару көптеген елдердің тәжірибесінде бар. Бұл, әсіресе, халықты әлеуметтік қолдау үшін маңызды шарт болып табылады. Бірақ, екінші жағынан оның кейбір келеңсіз тұстары да бар. Мемлекеттік қолдау халықтың масылдық тобын ұлғайтып жіберуі ғажап емес. Қазірдің өзінде арзан несие алып, мемлекет субсидиясын пайдаланып, оны басқа мақсатқа пайдаланып жүрген фактілер аз емес. Қалай болғанда да таяқтың екі ұшы бар екені ескерусіз қалмайды деп ойлаймыз.

Ж.ӘЛМАХАН.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Санаулы күндерден соң жаңа оқу жылы басталады. Бүгінгі күннің басты тақырыбы да – осы. Жаңа оқу жылының жаңалығы, оқулық жайы, мектеп таңдау, тіпті мұғалім таңдау, сонымен қатар мектепке дайындық дегендей қызу талқыда. Ата-ана үшін баланы мектепке дайындау оңай шаруа емес. Керек-жарағын, киім-кешегін түгендеу отбасы бюджетіне әжептәуір салмақ екені сөзсіз. Мұның үстіне баланың талғамы жоғары. Жаңа оқу жылы жақындаған тұста нарықты бағамдау үшін базарға бардық. Сатушының дені мектеп формасын, құрал-жабдығын саудалауға көшкен. Баласын жетектеген ата-ана, таңдағанымды аламын деп қиғылық салған жеткіншектер – бүгінгі қайнаған базар көрінісі.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Балаңыз мектепке дайын ба?

Сонымен баға қандай? Сатушыдан мектепке керек-жарақтың бағасын сұрай бастадық. Ақ жейденің түр-түрін толтырып қойған, таңдау қалтаңа қарай дегендей сынай танытты. Сапасына қарай баға да қымбаттай береді. 6 мыңнан басталып, 10 мыңға дейін бар. Көпшілік 7 мыңның ақ жейдесін тегін үлестіргендей алып жатыр. Себебі, бағасы да, сапасы да көңілден шығады. Қыз бала үшін сатушы сапалы деп бағалаған юбкалар да 7 мыңның үстінде. Ал, ер балалардың костюм-шалбары қалтаға қәдімгідей салмақ. 15 мыңның костюм-шалбарын әбден саудалағанда 13 мыңға келісе қоюы қиын. Ақшаң болса, костюм-шалбардың төресі – 25 мың теңгеден. Таңдағаныңды аласың. Спорттық киімдердің бағасы да осал емес. Өтімдісі – 12-15 мың теңге. Спорттық аяқ киімдер де, туфлилар да ең арзан дегенде 10 мыңнан. Қара базардан 6-7 мыңға келетінін көріп қуанғаныңызбен, бұл аяқ киімдер ұзаққа бармайды. Мұны ата-аналар да мойындайды.

– Қазір ақша үнемдеп 6-7 мыңның арзан аяқ киімін алғанмен, екі есе шығын боламыз. Күз аяқталмай жатып аударылып қалады, жағымсыз исі тағы бар. Он мыңнан басталатын аяқ киімдер таңдаған дұрыс, – дейді үш кішкентайын жетектеген ана.

Әңгімені әрі қарай жалғастырдық.

– Бір баланы киіндіру қаншаға түсті?

– Екінші сыныпқа баратын қызымның керек-жарағын түгендеп болдым. Үнемдедім дегеннің өзінде 40 мың теңге жұмсадым. Бұл ақшаның ішіне дәптер-қалам кірмейді. Енді екі ұлдың киім-кешегін түгендеймін де, сонан соң қағаз-қалам аламын. Өткенде бір дүкеннен акция арқылы сөмкелерді 4 мыңнан алдым. Сапасы жақсы. Әйтпесе, сөмкенің бағасы 8-10 мың теңге,– дейді Гүлжан есімді келіншек.

– Не іздедіңіз, келіңіз, – деген жарқын жүзді сатушыға бұрылдық. Нөпір халықтан сәл босаған сәті екен. Сауда күн сайын қызып жатқаны байқалады. Сатып алушы емес, базар бағасын жазғымыз келгенін жасырмадық.

– Ел бағаны жақсы біледі. Қазір көбісі, ең алдымен, сапасына қарайды. Мүмкіндігінше сапалы киім алғысы келеді. Мәселен, мына екі шалбардың матасын ұстап көріңізші. Бірі жұмсақ, бірі қаттылау. Матасы қаттысы ауа жібермейді, шытырлап тұр. Балаға кигенде қонымсыз. Бағасы арзандау. Жейденің бағасы да сапасына қарай. Мәселен, пекиндік 8 мыңнан басталатын жейделерге сия тисе жуғанда кетеді, денеге қонымды. Ал, сөмкелердің барлығы Қытайдан әкелінуде. Бағасы 6 мыңнан басталады. Қыз балалар қызығатын сүйретпелі сөмке 10 мыңнан, – дейді сатушы.

Осы орайда айта кетелік, пекиндік және түркиялық мектеп формаларынан бөлек, өңірімізде тігін ательелері мектеп формасын тіге бастады. Олардың қызметіне жүгінетін ата-аналар бар. Сапалы мата таңдап, тіккізу тиімді екен.

Биылғы жылы «Dalatex» тігін компаниясы мектеп формасын тігуді қолға алды. Бірінші сыныпқа баратын балалар үшін мектеп формасын енгізу пилоттық жобасы әзірге қала мектептерінде жүзеге асуда.

– Өткен оқу жылының аяғында қаладағы барлық мектеп директорларына «Dalatex» тігін компаниясының өкілдері мектеп формасының үлгілері бойынша презентация жасады. Мұнан соң бұл әр мектептің қамқоршылық кеңесінде талқыланып, нәтижесінде қаладағы 54 мектептің 33-і бірыңғай формаға тапсырыс беруге келісімін берді. Әрине, ата-аналардың келісімі бірінші орында. Тағы бір атап айтарлығы, бұл форманы алуға қаражаты жетпеген отбасы болса, бұрынғы формаға рұқсат берілген. Бірыңғай форманы кигізуге талап қойылып жатқан жоқ, – дейді қалалық білім бөлімінің бас маманы Гауһар Құдайбергенова.

Алдағы уақытта мектеп формасы көпшілік көңілінен шығып жатса, жоғары сыныптарға енгізу жоспарда бар екен.

Жаңа оқу жылында мыңдаған бүлдіршінге мектеп формасын тігуді жауапкершілігіне алған «Dalatex» бұл міндетті қалай орындауда? Бұл сұрақты тігін компаниясының атқарушы директоры Нұргүл Сәтжанқызына қойдық.

– Облыс әкімінің тапсырмасымен мектептерде бірыңғай форманы жергілікті тігін ательелерінде тігу жұмысын биылдан қолға алдық. Бұл іске біздің компаниядан басқа аймақтағы 17 тігін ательесі жұмылды. «Dalatex»-те өлшеп, пішу жұмыстары жүргізіледі, әрі қарай өзге әріптестер тігеді. Мұнан бөлек қосымша 65 тігіншіні жұмысқа алдық. Мақсат – өңірде жеңіл өнеркәсіпті дамыту. Бүгінде тапсырыс берген 33 мектеп бойынша бірінші сыныпқа баратын 3 мың баланың формасы дайындалып, сатылды. Биыл мектепке баратын балалар санының көп болуына байланысты тағы да 2 мың формаға тапсырыс түсті. Ол да дайын болып қалды, – дейді ол.

Мектеп формасының бағасы 10-12 мың теңгеден. Баға айырмашылығы матаға байланысты. Тағы бір ерекшелігі, жаңа формаға жарықшағылыстырғыш жолақ сызығы жүргізілген. Бұл жол қауіпсіздігі үшін жасалған. Пилоттық жоба жергілікті тігін ательелерінің мүмкіндігін байқатты. Атқарушы директордың айтуынша, жергілікті мамандар тіккен мектеп формасы сыртқан әкелініп жатқан киім сапасынан артық болмаса кем емес.

Базарға қайта оралайық. Мектепке қажетті киім-кешек бағасын сараптап болған соң, құрал-жабдықтар саудасы қызған жаққа бұрылдық. Мектепке керек-жарақтың түр-түрі тұр, тіпті таңдауға келгенде басың айналатындай. Сурет дәптер дейсіз бе, өшіргіш пен қаламұштағыштың түр-түрі бар. Еңбек сабағына қажетті ине-жіп, тоқыма, кесте тоқитын бұйымдар, қысқасы, бәрі бар. Сөредегі «Күнделік» деген жазуға көзіміз түсті.

– Бағасы қанша?

– Қайсысын айтасыз?

Қапелімде таңдай алмай дағдарып қалдық. Көмекке келген сатушы қыз мұқабасында «Рухани жаңғыру» деген жазуы бар күнделікті көрсетіп, «500 теңгеден. Себебі, іші ақ. Ал мына күнделік 350 теңгеден. Парағы сарғыш демесеңіз, латын қарпінде жазылған. 2020-ға дейін латынға көшеміз ғой», – деді сатушы жарнамасын жасап. Қысқасы, бір балаға құрал-жабдықтар алу үшін 10 мың теңгеден аса ақша қажет екенін байқадық. Ал оған киім-кешектің нарқын қосыңыз. Мектепке әзірлік – осы күнде қара базарда қайнаған тірлік.

Келменбет батыр

Білмеймін жердің қалай жаралғанын,
Таулардың қалай тастан қаланғанын.
Су, дала, орман қалай пайда болған,
Ғажайып құдіреті ғой бәрі Алланың.

Білемін он сегіз мың ғалам барын,
Жаһанға жалпақ жайлап таралғанын.
Бір тынбай тірлік етіп, өсіп жатыр,
Ғажайып құдіреті ғой бәрі Алланың.

Алғашқы Адам ата, Хауа анамыз,
Біздер де содан өсіп, жараламыз.
Алланың құдіреті, күшіменен,
Жан-жаққа ұрпақ жайып тараламыз.

Ғажайып болған алғаш өмір деген,
Көл-көсір бауырмалдық, мейір деген.
Ұядан бірге тұрып, бір өретін,
Жан едік ұлт, жүзге бөлінбеген.

Бөлініп кеттік кейін түрлі ұлттарға,
Түрлі ел, түрлі мекен, құрлықтарға.
Шашырап шартарапқа кете бардық,
Мәз болып мыңды беріп, бірді ұтқанға.

Демеймін тарихымызды танып
болдық,
Айқындап алдағыны анық көрдік.
Әйтеуір етек-жеңі жиылмаған,
Қам, мұнсыз қазақ деген халық
болдық.

Белгісіз нені ұғып, не білеміз,
Кейде алға, кейде кері шегінеміз.
Үш ғасыр бодандықта болсақтағы,
Үш жүзге әлі күнге бөлінеміз.

Біріксе бір-бірінен жоқ алысы,
Аға жүз ұлы жүзі Ақарысы.
Орнықты орта жүзі Жанарысы,
Жауынгер кіші жүзі Бекарысы.

Ұрпақпыз біз таралған Бекарыстан,
Шөмекей, Бозғұл содан болар ұшқан.
Олардың бір ұрпағы ер Келменбет,
Жарақты жауларымен көп алысқан.

Келменбет осы менің батыр бабам,
Жауына жауар бұлттай шатырлаған.
Сары қасқа астындағы тұлпарымен,
Жайпаған жау біткенді жақындаған.

Өмірі бабамыздың толған аңыз,
Кей кезде осы жайлы толғанамыз.
Естіген ескі аңыз, сөз бойынша,
Ер баба өмір жолын ойға аламыз.

***

Алладан нені күтті, не тіледі,
Келменбет жастай қалған жетім еді.
Үсейін, Қожагелді ағасымен,
Үш байға мал бағуға кетіп еді.

Көп екен көрмегені көргенінен,
Төменгі теңелер ме төрдегімен.
Байлардың малын бағып, күнін көрді,
Үш жігіт адал, таза еңбегімен.

Келменбет жастайынан жылқы бақты,
Қарулы қарымдығын жұрт ұнатты.
Ұстайтын сан асауды тырп еткізбей,
Темірдей қолдарымен тым қуатты.

Көркіне қашан да көз тоятығұн,
Көңілге әрбір ісі қонатұғын.
Бермеген бір де шығын жылқышыға,
Сүйсініп бай да риза болатұғын.

Келменбет табыс сырын ұғынғандай,
Жылқыда жүрді әр кез тыным алмай.
Жайлауда кей түндері мал шетінде,
Күзетте жүрді көзден шырым да
алмай.

Бір күні таңда бие құлындады,
(Келменбет жақсылыққа ырымдады).
Сары қасқа құлын бірден жүріп кетті,
Жататын жерде жас төл бұрындары.

Сүйкімді жас төл сары қасқа құлын,
Ерекше өзі де аяқ басқанының.
Кәдімгі қалыптағы жай төлдерден,
Әр қимыл, қозғалысы басқа мұның.

Көңілде күдік те бар, бар да үміт,
Қалғандай құлын жайын бай да біліп.
Жылқыға болды жиі келетін де,
Аңсары бір көруге аңғарылып.

Ойлайтын қараулықсыз қанағатын,
Бір мін жоқ жылқышыға сала алатын.
Келменбет келіскендей еңбегіне,
Бір жылда екі тайды ала алатын.

Келменбет байға айтты жан қалауын,
- Ақыма тек осы енді тайды аламын.
Ренжіп сенімді жан кете ме деп,
Келісті беруге ол да таңдағанын.

Кеудеде көптен күткен жанды ма үміт,
Келменбет кеткендей-ақ тайды мініп.
Кезінде бірақ кейін көрерміз деп,
Көңілге бір жайды бай қалды бүгіп.

Уақыт желі тынбай есе берді,
Ай ауып, жылдар жылжып көше берді.
Жарысқан ақ сағыммен сары тай да,
Тұрпаты тұлғаланып өсе берді.

Сары тай сары қасқа құнан болды,
Көп жандар көруге оны құмар болды.
Тезірек оны алып кетейін деп,
Келменбет байдан рұқсат сұрай берді.

Екі жыл ештеңе алмай шыдағанды,
Екі тай орнына тек құнан алды.
Ойланып бай да берді рұқсатын,
Ішіне бүгіп қалып бір амалды.

Енді алған еңбегінің өтеуіне,
Құнанды алдыдағы жетегіне.
Келменбет сары қасқамен
шыға берді,
Жеріне межелеген жетеді ме.

Жетелеп байдан алған бір құнанды,
Белгісіз жолға шықты бұлдыр алды.
Жарар деп қажетіме түбіменен,
Қопарып тақымға зор жыңғыл алды.

Ауылдың шыққан да жоқ сыртына әлі,
Ел жаққа елендейді бір құлағы.
Самалға алдан соққан кеуде керіп,
Сары қасқа құнан алға жұлқынады.

Аз ғана артқа тастап құба белді,
Жазыққа жаңа шыққан бұлар енді.
Мүлгіген тыныштықты бұзып кенет,
Бір дүбір арт жағынан шыға берді.

Белгілі болды артында қуғын бары,
Сары қасқа құнан байды
тындырмады.
Құнанды жетектегі байлап тастап,
Белгілі болды ерте қимылдауы.

Қуғын да бірте-бірте жақындады,
Тыпыршып сары қасқа тұр атылғалы.
Келменбет қуғыншыға қарсы
ұмтылды,
Қолға ұстап зор жыңғылды тақымдағы.

Алапат күш бойында тасқан қаны,
Келменбет қарсы ұмтылды,
жасқанбады.
Жайпады жылдам шапшаң
зор сойылмен,
Тізеден қағып, ұрып бастандағы.

Бұла күш бастарына салды да ойнақ,
Сойылды он бес жігіт қалды жайрап.
Келменбет жолға түсіп жүре берді,
Қуғыншы аттарын сәл алды да айдап.

Сонан соң елге де көп оралмады,
Аз ғана әр ауылға аялдады.
Көбіне қақпан салып, тұзақ құрып,
Далада ұзақ жүріп, аң аулады.

Ауылдан іздемейді ешкім оны,
Көп жайды кеш аңғарып, кеш біледі.
Еріксіз Келменбетті елендетті,
Елеусіз бір ауылда естігені.

Қашанғы төзсін қалмақ қанауына,
Қалың ел қанша түсті талауына.
Жиылып хан жасағы жатыр екен,
Жасауға жорық қалмақ қамалына.

Қорғанып көп ісінен қашады ма,
Уақыттың талабынан асады ма.
Келменбет көп ойланбай кете берді.
Қосылып хан жинаған жасағына.

Сары қасқа бұл кездері бесті еді,
Алдынан шапса дауыл естіреді.
Дүсірі қара жерді солқылдатып,
Дүбірі алты қырдан естіледі.

Таңдантқан тұлпарымен күнде көпті,
Жорыққа ер Келменбет бірге кетті.
Бұрқырап бойындағы бұла күші,
Жанары жарқылдайды бірде отты.

Қамады жау қамалын хан жасағы,
Ала алмай апта бойы арбасады.
Қамалды бұзып ішке ене алмады,
Ширығып шабуылды сан жасады.

Кездері болған жоқ еш тыныш тапқан,
Бір жан да болмады еш қиыс тартқан.
Хан енді шабуылға көшпек болды,
Батыстан, қақпа және шығыс жақтан.

Жау күші осы үш жаққа шоғырланды,
Түнерді, қатер бұлты қоюланды.
Қараусыз аңдағанға қамал жақта,
Алаңсыз бақылаусыз орын қалды.

Келменбет осы жайды анық білді.
Оңтайлы осал тұсты танып білді.
Жанында жарақты ерген жүз сарбазы,
Қамалды сары қасқа атпен
жарып кірді.

Жау састы мына жайға алаңдады,
Серпілді кейін қалмай амалдары.
Осы сәт хан жасағы бұзып кірді,
Қақпаны босап қалған қамалдағы.

Басталды солай қырғын,
қанды майдан,
Қалмақтар бергісі жоқ барды қолдан.
Сары қасқа тұлпарымен астындағы,
Келменбет қалың жауға салды ойран.

Көк нөсер тоқтамайды сірә тынып,
Сары қасқа астындағы тұр атылып.
Келменбет тері тонды кесе берді,
Кедергі жасаған соң шұбатылып.

Сары қасқа астындағы атылады,
Бір тыншып бел жазған жоқ батыр әлі.
Жан-жақтан айқасуға анталаған,
Жау тобы қайта-қайта қақырады.

Аспаннан қара нөсер төгіп тұрды,
Батырлық бар сарбазды желіктірді.
Ақыры хан жасағы қан майданда,
Қаптаған қалың жауды жеңіп тынды.

Белгілі жау қамалы алынғаны,
Ордалы жауға ойран салынғаны.
Оралған мол олжамен хан жасағы,
Бір елге келіп жолда дамылдады.

Ғажайып елде бейбіт таң атқаны,
Мүлгіп тұр бар тыныштық алаптағы.
Ертемен жинады хан бар сарбазын,
Кешегі мол олжаны таратқалы.

Жеңістің лебі есіп жанарынан,
Жиналған сарбаздарға қарады хан.
Ақ тонды сары қасқалы көрінбеді,
Дұшпанға қар жаудырған қабағынан.

Қаншаның таусылыпты татар дәмі,
Қаншасы бой түзеп тұр қатарда әлі.
Хан тағы қарай берді, көрінбеді,
Кешегі қамал бұзған қаһарманы.

Үстінде келте тоны болатынды,
Жауына жолбарыстай боп атылды.
Деді хан - сары қасқалы сарбаз келсін,
Білмедім, кешір мені, жөн-атыңды.

Хан сөзі қыздырғандай делебені,
Көп сарбаз кім жайлы сөз елемеді.
Астында сары қасқа аты барлар,
“Менмін” деп хан алдына келе берді.

Деді ме көп сарбаздан байқар нені,
Бәлкім мол сый-сияпат тартар деді.
Сары қасқа аты барлар жақындады,
Хан бірақ үнсіз басын шайқай берді.

Қоршаған сарбаздары айналдыра,
Айбыны асқан әрі айбары да.
Келменбет зор тұлғалы келте тонды,
Соңында ғана ханның барды алдына.

Таныды көргеннен-ақ хан да бірден,
Қаймықпай осы ер қалың жауға кірген.
Жапырған айналасын алаң етіп,
Қараған қайратына таңданумен.

Күн бойы түспей сары тоқымы аттан,
Байқатып, ерекше өзін бақылатқан.
Қарулы жүз жігітпен тосын келіп,
Осы еді жау қамалын қақыратқан.

Бар маңай тыныштыққа ұйып тұрды,
Назарын сарбаздар да бұрып күллі.
Қаһарлы хан алдында тұрған күтіп,
Келменбет үнсіз басын иіп тұрды.

Жасадың ерлік елің есітпеген.
Олжаңа бүгін алар қолға түскен,
Және үш сұлуды да қосып берем.

Ілгері екі ағаң да талаптансын,
Көбейіп, өсіп-өнсін, қанаттансын.
Аймаңдай екі аруды ағаңа бер,
Жар сүйіп олар да тез аяқтансын.

Жүзінен хан мейірім шашып тұрды,
Келменбет мерейін де тасыттырды.
Мол олжа және үш ару иеленген,
Елге жол енді оны асықтырды.

Үш ару қос қыз, бір жас әйел еді,
Жарасқан бір-бірімен жан әлемі.
Ерекше үшеуі де сұлу екен,
Келменбет назар салып жаңа көрді.

Әлі де бозаң жігіт, бозаң өңді,
Қос аға Үсейін мен Қожагелді.
Олжалы көріп келген Келменбетке,
Қуанып қос қолдарын соза берді.

Дауы жоқ екеуімен таласы да,
Балайтын көзінің ақ, қарасына.
Жөн көрмей жас әйелді ұсынғанды,
Қос қызды берді екі ағасына.

Жатсынбай жас әйелді өзіне алды,
Шаттықтан қос ағаның көзі жанды.
«Келменбет, бәрекелді!» деген көптің,
Құлақта риза болған сөзі қалды.

Қос аға қуаныштан күлімдеді,
- Ризамыз, рахмет, інім, - деді.
Үш жігіт осылайша үш үй болып,
Қатарға үш шаңырақ ілінді енді.

Қосылды үш үй елдің қатарына,
Аттары жайылды елге, атағы да.
Үшеуі өсіп, өніп ұрпақ жайып,
Өмірдің бірге аттанды сапарына.

Жас әйел Ханбибі ел қызы екен,
Пейілі, ниеті де түзу екен.
Шаруаға бейім, іскер, жайлылығы,
Жүзіктен өткендердің жүзіне тең.

Сабырлы, сырбаз мінез, салқын қанды,
Қажетті қай істен де тартынбады.
Осындай жары болып Келменбеттің,
Оты да ошағының шалқып жанды.

Секілді орындалған арман енді,
Жақсы боп отауына жар да келді.
Арада жыл өткенде Келменбеттің,
Тұңғышы туды өмірге Әлдеберді.

Белгілі майдандағы жайдың бәрі,
Келменбет ерлігімен таң қылғаны.
Осыдан кейін хан да ер сарбазын,
Жанынан жорықтарда қалдырмады.

Жанына ер сарбазын алып жүрді,
Қаусатты, қанша жауды бағындырды.
Қашанда ер Келменбет қаһарымен,
Жау шебін бұзып, атой салып жүрді.

Қаламай елде тыныш таң атқанды,
Дамылсыз жау да тынбай жарақтанды.
Келменбет бірге ханның жасағымен,
Жорыққа дайындалып тағы аттанды.

Болғанмен көзде уайым, көңіл мұңды,
Көп жайға жары шыдап көніп жүрді.
Бұл жолы жас сәбиін орап алып,
Жарынан қалмай біраз еріп жүрді.

Әйелдің міндеті тек шыдау ғана,
Болмайды жорық жайын сұрауға да.
-Тапсырдың, мені кімге, - деген еді,
-Тапсырдым, - деді ері - бір Аллаға.

Деді де ер Келменбет кете берді,
Қайтпас жол алға қарай жетеледі.
Ханбибі көзіне алғаш жасын алды,
Болаттай бұрын қатты бекем еді.

Қиынын сезгендей-ақ жол алдағы,
Сәбиін қыса түсті ораудағы.
Өзінің болжамындай болды бәрі,
Келменбет бұл жорықтан оралмады.

Жары да тек сәбиге бетін бұрды,
Көп жанды өзеуреген өкіндірді.
Жолатпай жат пиғылды жанына еш,
Жетектеп жеткіншегін жетілдірді.

Еңбекпен қарсы алып таң, батар күнді,
Есейтіп жас сәбиін қатарға ілді.
Әкеден құндағында қалған жасты,
Айтулы ер-азамат атандырды.

Жаужүрек жарқылдаған
жанары отты,
Жас болды Әлдеберді әлеуетті.
Ананың алып үлгі, өнегесін,
Жанына жақсылықты жалау етті.

Әлі де жастығына қарамастан,
Таудай боп өзгелерден талабы асқан.
Елеулі ер азамат болып өсті,
Ертерек ел ісіне араласқан.

Таңдантып талай ісі ел біткенді,
Жорықта жасады сан ерліктерді.
Ертерек үйлі болып, отау құрып,
Өзінің ұрпақтарын өрбітті енді.

Адамнан тек адалдық ұнайтыны,
Алладан медет, рахым сұрайтыны.
Көп күткен ұзамай-ақ келді өмірге,
Есбол, Метей, Өтебай, Құдайқұлы.

Талпынып жаңа өмірге талаптанып,
Төртеуі өсе берді қанаттанып.
Төртеуі өркен жайып төрт ел болды,
Жайылып жан-жағына жарақтанып.

Білімнен оқ бойы алға оза алатын,
Есболдан шықты атақты Ораз ахун.
Кең жайған имандылық ілімінен,
Ізгілік әр жүректе оянатын.

Би болды Аманбайдай абыройлы,
Жасынан жақсылардың жанына ерді.
Байыппен барлық жайды бағамдайтын,
Елінің басқа қонған бағы болды.

Шығарды Айқозы би Метей атын,
Сүрінбей сан қиыннан өте алатын.
Бұл елде көпке мәлім атағы бар,
Жыршылар және жүйрік жетеді ақын.

Молдахмет болды атақты
даңғыл ақын,
Жырласа тынбай таңды таңға ұратын.
Жазушы Нәсіраддин шырын сөзден,
Қашанда таңдантып бал тамдыратын.

Шығыпты Құдайқұлдан
Сарман батыр,
Ерлігі елге аңыз боп қалған батыр.
Өсіріп өнегелі ұл, қыздарын,
Ұрпағын жалпақ жұртқа
жайған батыр.

Атақты Қадырберлі батыр болды,
Жарасып жақсыларға жақын қонды.
Ден қойған діндарлыққа Тәйімбетке,
Ел, халық Сары ишан атын берді.

Көп аңыз жоқ әлі елге жете қойған,
Көңілден көп сөз де жоқ кете қойған.
Атақты Әлдеберлі бір баласы,
Қозғайын енді әңгіме Өтебайдан.

Өтебай батыр әрі би де болған,
Алты ұлы ерте алты үй де болған.
Кейіннен өсіп-өніп алты ел болды,
Жайлауда қанат керіп бірге қонған.

Алты елдің таңы осында бір атыпты,
Өтебай әділдікті ұнатыпты.
Қалмақтың қолға түскен сыншысына,
Алты ұлын атын атап сынатыпты.

Алты ұлы бірінен кем бар ма бірі,
Оразай, Құба менен Жанғабылы.
Сұлтаны, Тойқожасы, Адамбайы,
Бірінің бірі туыс, жанбауыры.

Сұңғыла сыншы бәрін бағамдады,
Беймәлім еш нәрсе де қала алмады.
Алты ұлға қайта-қайта назар салып,
Байламын сәлден соң ақ баяндады.

Татулық, бірлік қана боп талабы,
Ұрпағы Оразайдың көп болады.
Екінші балаң Құба биің болар,
Билігі бәлкім көпке тоқтамауы.

Кәсіпте Жанғабылдың тұр ау бағы,
Көп болар төбеге де шығарлары.
Сұлтаның өсіп-өніп қанат жайып,
Мыңғырған бай, биі де тұрар бәрі.

Тойқожаң батыр екен бар жасағы,
Батырлық жеті атаға жалғасады.
Жандары Адамбайдың алғыр болып,
Атағы, абыройы дауда асады.

Көп жайды әке білді, әлде күтті,
Көп жайдан болды ма екен әлде үмітті.
Сұңғыла сыншының сол айтқандары,
Уақыт өте келе дәл келіпті.

Оразай ел болыпты өсіп-өнген,
Көп үйі қанат жайып көшіне ерген.
Жатыпты қуатталып, құпталып та,
Құбаның әділ, тура шешімі елден.

Қалдандай Жанғабылда батыр өткен,
Жайылып талай елге аты кеткен.
Сұлтанда бай мен билер көп шығыпты,
Қаншама қалың көпті қасына ерткен.

Тойқожа жаужүрек боп жарақтанды,
Ұрпағы батыр болып қанаттанды.
Атақты Адамбайдан Зарқұм шығып,
Аузына қалың елді қаратқанды.

***

Келменбет ұлы бабам, батыр бабам,
Киелі, қасиетті атың маған.
Би болды ұрпақтарың, ер де болды,
Жауына жанған оттай лапылдаған.

Рахым, сыйыменен бір Алланың,
Ұрпағың өсіп, өнді, ұландарың.
Ел үшін ерлігіңді есіме алып,
Өзіңе бір азырақ жыр арнадым.

Қапалы, қайғы, мұңды, қасіретті,
Қаншама содан бері ғасыр өтті.
Жүр әлі асыл бейнең ел жадында,
Шапағын шашып нұрлы, қасиетті.

Әр ұрпақ содан жылу, шуақ табар,
Қатайып, қанаттанар, қуаттанар.
Бабаның бастар алға нұрлы жүзі,
Жарқырап жанған шырақ сияқтанар.

Аңсаған орындалып ұлы арманы,
Көбейіп өсер ұрпақ, ұландары.
Ерлігі ер бабамның ұмытылмай,
Жатталып жүректерде тұрар мәңгі.

Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ҰСЫНЫС

Келменбет батыр және 15 «Мәдениет»

XVII ғасырда Жайық бойын жаулаған қалмақтармен күресте ерлігімен ерекше көзге түскен батырлардың бірі – Келменбет (Сары-қасқа) Келдібайұлы. Батыр атымен қоса айтылатын сарықасқа сөзі оның атының түсі. Ол сары қасқа тұлпары және қасына жиған қарулы жүз жігітімен қалмақ қамалын қақырата бұзып, ерекше ерлік көрсеткен. Тұтқиылдан жасалған осы шабуылдан жау жасағы ойсырата соққы алып, жеңіліс табады.

Қамал бұзған қаһарманнан тараған ұрпақтар өсіп-өніп 17 рулы елге айналды. Қазір олар Қызылорда облысының Жалағаш, Қармақшы аудандарында, Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында тұрып жатыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ел тарихында орны бар батыр, билерімізге, басқа да белгілі тұлғаларымызға көше, ауыл аттары көптеп беріле бастады. Бұл ретте ел тәуелсіздігі жолындағы күрестің аты аңызға айналған қаһарманы Келменбет батыр бабамыздың есімі ескерусіз қалып келеді деп ойлаймыз. Келменбет батыр атында Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата көшесінің темір жолмен түйіскен жерінде ұрпақтары күшімен жасалған шағын саябақ және батыр ескерткіші ғана бар.

Осыған орай, бірыңғай батыр баба ұрпақтары қоныстанған Жалағаш ауданындағы «Мәдениет» ауылының аты Келменбет батыр ауылы деп аталынса орынды болар еді.

Интернет мүмкіндігін пайдаланып, зерттегенімізде, республика көлемінде 15 «Мәдениет» ауылы бар екен. Олар Қызылорда облысының Жалағаш, Қазалы, Ақмола облысының Бурабай, Сандықтау, Алматы облысының Қарасай, Атырау облысының Қызылқоға, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз, Солтүстік Қазақстан облысының Есіл, Тайынша, Ғабит Мүсірепов, Түркістан облысының Бәйдібек, Келес, Сарыағаш, Мақтарал, Ордабасы аудандарында.

Осы 15 «Мәдениет» ауылының бірін ел тәуелсіздігі үшін күресте ерекше ерлік көрсеткен әрі осы жолда жанын қиған қаһарман бабамыздың есімімен аталуын қалаймыз. Әрі бұл ұсынысымызға Жалағаш ауданындағы «Мәдениет» ауылы тұрғындары қарсы болмас деп сенеміз.

Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ,
Жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстанның құрметті журналисі.

СЫР-СҰХБАТ

Хүсейн ӘМІР-ТЕМІР: «Театрдың миссиясы – адам жанын руханияттың күшімен тазалау»

Театр афишасынан Хүсейн Әмір-Темірдің есімін көрсеңіз, спектакльдің сапасына алаңдамауға болады. Қызылордалық өнерсүйер қауымда осындай сенім қалыптасқан. Мәселе режиссердің 20-дан аса рөлді сомдап, 200-ге тарта қойылымды сахнаға шығарғанында, бай тәжірибесінде ғана емес. Бастысы – ол жетекшілік еткен спектакльдің ұлттық бояуы қанық, туындының тоқетері көңілінді астан-кестен етіп, қуатыңды еселейтіндей күшке ие болуында. Театрдың жаңа маусымы қарсаңында облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хүсейн ағамен әңгімелесудің сәті түсіп еді, өмір мен өнер турасында бірер сауал тастадық.

Сонымен, «Сыр бойының» «Сыр-сұхбат» айдары сөйлейді.

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ.

– Хүсейн аға, сіздің өнер баяныңыз елге белгілі. Белгілі тұлға болу үшін тағдыр керек деп жатады. Әңгімемізді балалық шағыңыздан бастайықшы...

– Бала күндерім Сырдария ауданындағы қазіргі Асқар Тоқмағанбетов ауылында өтті. Ол кезде Қызылорақ, Майлықұм, Бидайкөл деген колхоздар кейін бірігіп, 18-партсъезд аталатын. Қызылорақ колхозының адамдары 4-5 мекен-жайда орналасқан еді. Ал біз тұрған ауылда бар-жоғы 5-6 үй бар. Анам Шәрбан Темірова колхозға еңбегі сіңген, ол кездегі құрметтің белгісі – облыстық «стахановшылар» тақтасына есімі екі рет жазылған жан. Ал, әкем – білімді, діни сауаты бар, ауылдық кеңестің хатшысы, «ликбезде» оқытушы болған кісі. Төрт-бес жасар кезім болуы керек, мені әліпби танысын деп, қағазға әріптерді жазып, қабырғаға тұтастай іліп қоятыны есімде. Соғыстан кейінгі жылдары бір сыныпта бірінші, екінші, үшінші, төртінші сыныптың оқушысы қатар отырып, бәріне бір мұғалім сабақ беретін. Жасы едәуір үлкен қыз-жігіттер де кейде сол қатардан табылатын. Мен де солай сауатымды аштым. Үшінші сыныптан соң әкем Тереңөзектегі орыс тамырының үйіне әкеліп, «енді осы үйде жатып сабақ оқып, мектепке барасың» деді. Аудан-да ағайындарымыз да жоқ емес еді, әкемнің мұнысы орысша тіл сындырсын дегені болу керек.

– Актер боламын деген ой ауыл баласына қалай келіп жүр?

– Ол кезде актер дегеннің кім екенін біліппіз бе? Оқу бітірген жылы ұшқыш боламын деген оймен Оралға барып, медкомиссия мені жаратпай тастаған соң, әкем 1958 жылы Ленинградқа жіберді. Политехникалық университетке түсу үшін дайындалып, екі жарым ай пәтер жалдап тұрдым. Орысша сөйлеуден аздап қиналғаным рас. Бірақ сол кездері Ленинградтың «белая ночь» – атақты айлы түнін көріп, мұражайларын түгелге жуық араладым. Ол кезде өнердің мәнін толық түсінбеген де шығармын, бірақ ерекше дүние екенін сезіп, білдім. Сол жылы бір орынға жиырма бала таласып, оқуға түсу бұйырмай, ақыры кері қайттық. Кейіннен Ленинградқа жол түсіп, тағы бардым ғой, алғашқы келгендегімнің бәрі еске түсті. Бірақ бұл жолы өнер туындыларына, музейдегі мұраларға басқа көзбен қарайтынымды, басқаша ұғынатынымды түсіндім.

Толстой, Тургенев, Пушкин, Бальзак, Стендаль шығармаларымен жақын таныса бастағаным да сол уақыт. Келесі жылы Алматыдағы Сәтбаев атындағы политехникалық институтқа оқуға түстім. Мамандығым – тау кен инженері. Дәл сол кезде КПСС-тің бас хатшысы Н.Хрущев «студенттер сала бойынша теория мен практиканы ұштастырып білім алсын» деп нұсқау берген екен. Сөйтіп, оқуға жаңа түскен жастар Қарағандыдағы Дубовка деген жерде 101-шахтадан бір-ақ шықтық. Жер астында жұмыс істеп көргеннен кейін-ақ, бұл менің салам емес екенін түсіндім. Қысқы сессияны тапсырдым да, жазғы емтиханда «осымен қойғаным дұрыс» дедім. Осылайша алдымен шахтер, кейін актер болдық. Ал 1963 жылы актерлік оқуға түсу бұйырды.

– Мұнан кейінгі өміріңіз елдің көз алдында. Айтпақшы, бастапқыда Теміров болған екенсіз, Әмір-Темір деп қалай аталып жүрсіз?

– Менің аты-жөнім көп. 10-сыныпқа дейін фамилиям – Жүсіпов, атым Үсейін еді. Жүсіп – әкемнің есімі, ал қазақтар атымды Хүсейн демей, Үсейін дейтін. Әкелеріміздің тегі Теміров болып жазылған. 10-сыныпта куәлікке мен де Теміров деп жаздырып, фамилиямды ауыстырдым. 1992 жылы сандықтағы ескі құжаттарды ақтарып отырып, әкем мен анамның неке куәлігін тауып алмасым бар ма?! Құжатта Әмір-Теміров Жүсіп, зайыбы Шәрбан Әмір-Темірова деп көрсетілген екен. Атам Әмір-Темір кезінде мешіт ұстаған, діни сауатты кісі болған. «Дін жоқ, Құдай жоқ» деген ұстанымнан билік молда, ишандарды құдалаған кезде ағайындарымыз Әмірді алып тастап, Теміров болып шыға келген. Бар сиқыры сонда мұның. Содан неке куәлігін алып, ауылдық кеңеске бардым, жаңа куәлік жазып берді. 1962-1992 жылдар аралығында Хүсейн Теміров болып жазылғанымның себебі осында. (Хүсейн аға стол үстіндегі «Ұйқыдағы ару» спектаклінің афишасын көрсетіп, мынау да менің бір атым деді. Мұнда театрдың көркемдік жетекшісі әрі спектакль режиссері Хүсейн Әмір-Темір дегеннен бөлек, қазақ тіліне аударған Сартай Жүсіп деп жазылыпты).

Менің тағы бір атым – Сартай. Түрім сары болғасын, шешем Сартай деп еркелетуші еді. Кейде есімім бірнеше рет қайталанбасын десем, осы атты иеленетінім бар.

– Қазір афишадағы Хүсейн Әмір-Темір деген есімнің өзі қойылымның сапасына деген сенімді күшейтеді. Еңбегіңізге сай марапаттарыңыз да айтарлықтай екен. Шекспирдің «Король Лир» спектаклінен кейін атыңыз ерекше атала бастапты... Айтыңызшы, қай жылдарға қайта оралуды қалар едіңіз?

– Рас, «Король Лирді» қойған кез ерекше болатын. 1965 жылы оқу бітірген соң, Қарағандыда театр актері болып жұмыс істедім. Бұл кезде режиссерлікке түк қатысым жоқ. Жаман актер болған жоқпын. Қарағандыбай Сатаев (қазіргі кинорежиссер Ақан Сатаевтың әкесі), Жұмабай Медетбаев, олар кейін Қазақстанның халық артисі атанды. Амангелді Тәжібаев және мен бармын. Жұмабай мен Қарағандыбай әуел бастан қазақ батырларын сомдады да, біз шетелдік, бүгінгі заман образдарына сай болдық. Лопе Де Веганың «Қызғаныштан махаббат» комедиясында Теодоро, Назым Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер» драмасында Доктор рөлін ойнадым. 1967 жылы Қызылордадағы драма театрына ауыстым. Менімен бірге Алматыдан актер факультетін бітіріп, Шайтұрсын Әбдібаев, Тынымбек Пірімжанов, Тұрғанбек Әшімов те келді. Сол уақытта бас режиссер Маман Байсеркеновпен келіспедік пе, әлде басқа жағдай болды ма, рөлсіз қалдым. Қарағандыда басты рөл сомдап үйреніп қалғанмын, жақсы образға сусап, көңілім қоңылтақсып қалды. Содан кейін спектакльді өзім қойсам қайтеді деген ой келді. Басшылықпен келісіп, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклін қоятын болдым. Жұмыс сағат 11-де басталса, біз 9-да келіп репетицияға кірісетінбіз. Осылайша 1968 жылдың сәуір айында алғашқы қойылымды көрермен назарына ұсындық. Кейін Мәскеудегі Мемлекеттік театр өнері институтының Жоғары режиссерлік курсында оқу үшін Ресейге аттандым. Осылайша 1973 жылы дипломдық спектакльді қойғанға дейін, 4-5 қойылымның режиссері болып үлгердім. 1974 жылы Маман Байсеркенов басқа жұмысқа ауысып, театрдың бас режиссері жыл сайын өзгеріп, директор «сенің режиссер болатын уақытың келді» деп маған сеніп, өзі сол кездегі Қазақ ССР-нің мәдениет Министрі Ж.Еркімбетовке тағайындатты. Әрине, алғашқы уақытта, 1977 жылға дейін күн-түнді елемей, жақсы туынды үшін барымызды салдық. Бір күні «не тоқ етіп құлармын, не жақсы дүние шығарармын. Шекспирдің «Король Лирін қоямын» деген шешімге келдім. Барлығы өре түрегелді. «Қайдағы саған «Король Лир»? Мықты режиссерлердің де қолынан келмеген дүние бұл. Не айтып тұрсың?» Жоқ, мен не болса да қоямын деп бекіндім. Осы спектакльді дайындау үшін Серік екеуміз Украинаның Львов қаласына да аттандық. Бүкіл Шекспир қойылымын сахналаған суретшілердің эскиздері көрсетілген «Советские художники в творчестве Шекспира» деген альбом-кітап бар. Соның ішінде М.Заньковецкая атындағы драма театрының суретшісі Мирон Киприянның «Король Лирге» жасаған эскизі басылған екен. «Әй, сол Киприянға Серік екеуміз барып қайтайық, ешқандай шешім шықпай жатыр» деп директорымыз Сақтаған Тұрлымұратов ағамызға қолқа салдық. Көркемдік шешім болмаса, қанша мықты деген актер ойнаса да, ол спектакль емес. Ойды бағындырған соңғы түйіні болуы керек. Бұл – менің ақ дегенім ақ, қара дегенім қара деп өзіне әбден сенген, басынан бағы, астынан тағы тайған патша туралы шығарма. Әбден қартайған патша үш қызына корольдікті бөліп бермек болады. Ол үшін қыздары мұны барын салып мақтау керек. Екі үлкен қызы мақтауға келгенде бір-бірінен асып түсіп, кіші қызы «мен сізді тек әкем ретінде жақсы көріп, бағалаймын. Ертең тұрмысқа шықсам, ерімді де ең бірінші адам ретінде жақсы көретін едім» дейді. Бұл – адамның өмірдегі орны, қадірі туралы туынды. Енді осыған көркемдік шешім керек. Киприянның қасында бір күн болдық. Барғанымыздың пайдалы болғаны рас, бірақ әлі де нақты шешім шығара алмадық.

Бір күні Серік екеуміз көшеде алтын түстес, жалт-жұлт еткен ұзын етек көйлек киген келіншекті көріп қалмасымыз бар ма?! Бет-жүзін байқаған жоқпыз, бірақ сыртынан сұқтанып қарап қалғанымыз белгілі. Бір кезде Серікке қарап, «Киімі алтын ба, не бұл?! Ал осы жалт-жұлт еткен көйлектің ішінде шоқпыт бар болса ше? Қалай болар еді?» дедім. «А-а» деп аңтарыла қараған Серік содан кейін қайрылмады. 4-5 күнге дейін жоқ болып кетті. Содан бірнеше күн өткесін шеберханаға бас сұғып, дайындаған бүкіл эскиздерін жайып салды.

«Король Лирде» сахнаға екі шымылдық құрдық. Екі шымылдықтың да бір жағы алтындалған, көз тартатын патшаның шымылдығы, екінші беті кәдімгі шұрық-тесік шоқпыт. Шымылдықтар қойылым бойына жылжып, кері айналып тұрады. Ал алтынмен апталған король тағы бірте-бірте табытқа айнала бастайды. Өйткені үлкен орындықтың жақтауы табыт болуға ыңғайлы етіп жасалған.

Бұл еңбегіміз марапатсыз қалмады. «Король Лирді» қойғанымыз үшін 1977 жылы классикалық шығармалардың республикалық байқауында III дәрежелі дипломға ие болдық. Басты рөлдерді сомдаған Серік Шотықовтың Сайқымазағы – I, Тұрысжан Айнақұловтың Лирі мен суретші Серік Пірмахановтың еңбегі үшін II дәрежелі диплом табысталды. Ал 1968 жылы «Сау басыма сақина» деген атпен венгр драматургі Иштван Эркеннің «Тот, Майор и другие» пьесасын сахналадық. Бұл тапал Майордың соғыс уақытында елге демалыс алып келіп, түнде ұйықтауға қорқып, кеш батысымен онсыз да ауыр еңбектен шаршап жүрген үй егелерін ұйықтатпай қағаз кестіріп, әбден қинап, жүйкесіне тиетіні туралы туынды. Пьесаны сахнаға даярлаған соң, комиссияны арнайы Мәскеуден шақырдық. Бұл спектакль үшін театр Венгр Халық Республикасы Мәдениет министрлігінің арнайы қола жүлдесіне ие болса, мен бүкілодақтық фестивальдің лауреаты атандым. Осыдан кейін 1979 жылы театр ұжымы Алматыға гастрольдік сапарға бардық. Ол кезде мұндай сапарда театр мамандары қойылымды талқыға салып, артистердің еңбегін елеп-ескіп, гастрольдің нәтижесімен атақтар беретін. Мұның алдында 12 жыл бұрын, 1967 жылы театр Алматыға барып, бірнеше артистке атақтар берілген еді. Ал біздің сапарымыздың нәтижесінде Ж.Бағысова – Қазақстанның халық артисі, Ш.Әбдібаев, С.Шотықов – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атақтарына ие болды. Сонымен қатар маған ерекше алғыс білдірілді. Режисерлікке қадам басқан алғашқы жылдар осындай естеліктермен есте қалыпты.

– «Театр тобырды ұлтқа айналдыратындай күшке ие» деген бар. Қазір руханият ордаларында шынымен осындай күш бар ма? Театр өз міндетін қалай атқарып жүр?

– Қалай болғанда да, театр мүмкіндігінше ол міндетті атқаруда. Театрдың миссиясы не? Рухани әсер ету. Адам жанын руханияттың күшімен тазалау. Әшірбек Сығай айтпақшы, спектакльден кейін ауру адам жазылып, сау адам ауырыңқырап шығу керек. Егер театр осындай өз миссиясын орындай беретін болса, қашанда сол қалпында қалады. Спектакльді көріп болып, адамның ішімдікті, нашаны бірден қойып кетуі мүмкін емес. Театрдың міндеті – сана-сезіміңді ояту, рухани әсер ету. Қойылым бойына залдағы 700 адам бірдей күліп, бірдей жылап отырса, бір үнде, бір сезімдік деңгейде отырса, қандай керемет! Өйткені, бұл – театрдың міндеті.

– Репертуарға қатысты мәселе де күрделі екені белгілі. Қазір драматургтардың кемшіндігі жиі айтылып жүр. Бұл туралы Әшірбек Сығай «Біз айтты екен деп, жазушылардың қатарынан драматургияға дүркіреп келіп, ауысып жатқан ешкімді көрмедік. Демек, тұйықтан шығудың жолын іздеу» керек деген болатын...

– Қазір драматургия, драматург жоқ дейді. Бұл сөз баяғыда да айтылған. Кейде шығарманы жаңа заманға бейімдеп, түрлендіріп, оқиғаға басқа қырынан қарап, көрерменге ұсынуға болады. Айталық, «Еңлік-Кебекті» маған дейін кім қоймады? Бірақ мен қойған кезде бәрі таңғалды. Өйткені, бұл жолы ел бірлігін ойлаған, ақылы кеменгер адам ретінде Кеңгірбай биді бірінші планға шығардым. Пьесада абыз деген образ бар, бірақ мен оны алып тастадым. Кеңгірбай би. Рас, ол Кебекті өлімге қиды. Қимаса, наймандар көп. Қаласа тобықтыны түгелімен көшіріп те жібереді. Сондықтан ол ел амандығын бірінші орынға қойды. Ал спектакльдің соңында Кеңгірбай да, тобықтының билері де Еңлік пен Кебектен қалған сәбиді ала алмайды, өйткені қолдары қан. Мен бірінші планға шығарғанымменен, оларды ақтап тұрғаным жоқ, бірақ пьесаға өзгеріс жасап, оқиғаға басқа жағынан қарау керек болды. Мұндай оқиға елімізде 1992 жылы да болған. Қазақ жігіті шешеннің қолынан қаза тауып, биліктің араласуымен әрең басылған. Тіпті, содан кейін біраз шешен еліне көшіп те кетті.

Театрдағы қаражаттың жетіспеуі бұрынғы пьесаларды түрлендіріп, қайта ұсынуға мүмкіндік берді. М.Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал» спектаклін мен осылай шығардым. Театр сыншысы Әшірбек Сығай Ж.Аймауытов пен Б.Майлиннің шығармаларының негізінде қойылған «Аласапыранды» «театр өнеріндегі құбылыс» десе, «Бәйбіше-тоқал» – Әмір-Темір Хүсейннің театр өнеріндегі екінші құбылысы деп баға берді.

Пьеса – қиын жанр. Кейде театрдың әдебиет бөлімі мамандары жас драматургтардың жаңа дүниесін тауып, ұсынады. Сахнаға қоюға лайықтылары да бар. Жастардың көңілінен шыққан Баянғали Әлімжановтің «Ойнайықшы бір, ойлайықшы бір» пьесасы сондай туынды. Биыл көктемде Антон Чеховтың «Күзгі раушан гүлдерін» сахналадық. Арада қанша жыл өтсе де, бұл да заманмен үндесіп жатқан туынды. Бірақ бір спектакльді жылына 3-4 рет қана қоя аламыз ғой. Оның үстіне бір-екі жылдан кейін спектакльдегі артистердің де жасы өз образына сай болмай қалатыны бар. Оның үстіне кейде театр сахнасы да өзімізге тимей қалады...

– Соңғы жылдары облыстық театрға Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын бітірген жас мамандар келді. Кадр тапшылығы азайған болар...

– Труппа жинақталды. Спектакльдер дайындауға толық мүмкіндігіміз бар. Бірақ әлі де бір-екі жігіт қажет.

– Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да арнайы факультет болмағанымен, соңғы жылдары М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжімен бірлесіп, актерлік өнер мамандығы бойынша студент даярлай бастадыңыздар. Бастама биыл да жалғаса ма?

– М.Мәметова атындағы оқу орнымен бірлесіп, дуальды оқыту технологиясы бойынша театр артисі мамандығын иеленген екі топты түлеттік. «Сөйлеу жанрының артисі» мамандығы бойынша тағы бір топ биыл бітірді. Студенттердің көп уақыты театрда өткені, оларды театр артистерінің өнерге баулығаны белгілі. Бірақ мұның да олқы тұсы бар. Театрда студенттерге білім беретіндей қалыптасқан база жоқ артистер қойылымға дайындалып, оларға жеткілікті көңіл бөле алмайтын кездер де болады. Студенттердің де кешігіп, репетицияға келмей қалатыны бар. Сондықтан биылдан бастап, дуальді оқыту жүйесін тоқтатамыз.

– Жергілікті оқу орнын бітірген мамандардың деңгейі қалай?

– Өнер академиясын бітіргендерден қалысар емес. Қазір колледжде білім алған жас мамандардың бесеуі театрда жұмыс істеп жүр.

– Артистердің жалақы, баспана жайы туралы не айтасыз?

– Бұл жағынан ілгерілеушілік бар. Еңбекақыға қосымша үстемелер қосылып, тіпті қосымша коэффициенттерге байланысты мамандар басқа облыстың театр артистерінен артығырақ табыс табады. Екі жыл бұрын біздің театр артистеріне 2 пәтер берілді. Бірінде көпбалалы отбасы қоныс тойын тойласа, бірінде қазір режиссеріміз тұрып жатыр. Бірақ басқа облыстардан келген бірнеше қызымыз бірі ағайындарының үйінде болса, бірі пәтер жалдап тұрып жүр. Әрине, баспананың жайлы болмауы шығармашылыққа да әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан уақытша жатақхана ретінде пәтерде тұруына қолдау болса, жақсы болар еді.

– Пьесаны шикізат десек, спектакль – көрерменге ұсынуға лайық дайын дүние. Бірақ соны жарыққа шығару оңай емес. Санада соғыс, арпалыс болады мұндайда. Сіздің тәжірибеңіз кейінгілерге керек. Кітап жазып жүрсіз бе?

– Осы кезге дейін жұбайым, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Әлия Арысбаева екеуіміздің шығармашылығымызға арналған «Бір сахна – егіз ғұмыр», театр өнеріне арналған «Өнер-баян» атты кітаптарым жарық көрді. Қазір спектакльдерді талдау, артистермен жұмыс істеу барысы толық қамтылған екі кітаптың жобасын дайындап қойдым. Ал 2003 жылдан бастап осы кезге дейінгі жұмыс барысын сәл басқаша жазғым келеді.

– Алдағы театр маусымында қандай жаңалықтар болмақ? Жуырда ғана өнер ұжымы Өзбекстанға барды. Сапар барысы туралы айтып беріңізші...

– Қыркүйек айында шымылдығын түретін жаңа маусымға әзірлік басталып та кетті. Келер жылы театр 65-маусымын жариялайды. Сондықтан осы бастан тың, ауқымды дүниелер жасауға барымызды саламыз. Ал Өзбекстандағы Қазақстан күндері аясында 13-19 тамыз аралығында көрші елге сапарлап, «Нарком Жүргенов» спектаклін сахналадық.

Жүргенов – ұлттық мәдениет үшін барын салған, таланттардың танылуына жағдай жасаған тұлға. Ташкентте қазақ педагогикалық институтының директоры, Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары, Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары, Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары сынды жауапты қызмет атқара жүріп, қазақ орта мектептерінің санын көбейтуге, қазақ термелер жинағын құрастыруға, ұлттық мәдениетті дамытуға үлкен еңбек сіңірді. Өзбекстанда Жүргеновтің еңбегі қазір аса еленбейді.

Атақты биші Шараның өнерде өз биігін бағындыруына алғаш Темірбек Жүргенов қолдау көрсеткен. Қалай дейсің ғой?! Күләш Байсейітова мен Шара Жиенқұлованың ән әлемінде үзеңгілес, кейде тіпті бәсекелес екенін байқаған ол Шараға «Сенің биің де әніңнен кем түспейді. Бірің қазақ әнін, бірің биін шырқау биікке көтеріңдер. Егер құптасаң, мен сені өзбектің атақты бишісі Тамара ханыммен таныстырайын» деп Шараның таланты талайды таңдай қақтырған Тамарадан би үйренуіне жағдай жасаған екен. Бұл – екі ел мәдениетінің байланысын, халықтар достығын, Темірбек Жүргеновтің ұлтқа жанашырлығын танытқан жағдай. Біз бұл оқиғаны спектакльге қосып, өзбек сахнасында көрерменге ұсындық.

– Әңгімеңізге рахмет, аға!

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

Киелі жырдың ордасы

Қазақ өркениеті – Жер планетасындағы адамзат ұрпақтарының пайда болуынан бастап, мыңдаған жылдар белесінен өткен ұрпақтардың материалдық және рухани мәдениет салалары бойынша жүзеге асырған жетістіктерінен құралған өсу, өркендеу нәтижелерінің қазынасы. Ежелгі дәуірлердегі сақ, ғұн, түркі өркениеттері бастаулары жалғаса дами келе, талай мемлекеттік құрылымдармен әлемге әйгіленіп танылып, қазақ ұлтының рухани болмыс-бітімін, келбетін қалыптастырды.

...Әлемге қандай да бір халықтың өз мемлекетінің ресми атауымен бірге айрықша бейресми ұғымды пайдаланатын мысалдары көп. Біздің қасиетті жерімізді ежелден Ұлы Дала, ал біздерді – Ұлы Дала ұрпағы деп атады. Оны сонау ерте замандардан бері туған жерге деген халықтық махаббатты домбыраның, қобыз бен жетігеннің жүректі арбайтын әуеніне айналдыра отырып ақындар жырға қосты. Жер шарының халқы жеті миллиардтан асқан қазіргі дәуірде барлық географиялық мекендердегі ұлттардың ата-бабалық-ататектік-анатектік негіздері этнологиялық-этнографиялық таным бойынша саралана бағаланады. Ұлы Дала ұрпақтарының пайда болуы, қалыптасуы, жаңа буынмен болашаққа жалғасуы аясында аталық-аналық негіздегі ататек-әулет жүйелерінің тарихи-этнографиялық заңдылықтары да басты назарға алынады.

Қазақ даласындағы барлық атамекендер этнология, тарихи этнография ғылымдары зерттеулері бойынша жаңа зерттеулермен қарастырылып келеді. Бұл орайда, ежелгі ата-бабаларымыз мекендеген, олардың ғасырлар бойы ататек-әулет ұрпақтары өмір сүріп келе жатқан киелі атамекендері қатарында Қармақшы ауданындағы Тұрмағамбет ауылын да айрықша даралап айтамыз. Энциклопедиялық анықтама бойынша: «Аудан орталығы – Жосалы кентінен оңтүстікке қарай 70 км жерде, Қуайлы каналының аңғарында орналасқан. Тұрғыны 2,3 мың адам (2005). Іргесі 1928 жылы «Талап», «Алға», «Екпін», «Ұмтыл», «Жұлдыз» атты серіктестіктер негізінде құрылған. 1930 жылы ұжымшар, 1933 жылы жерді бірігіп өңдейтін серіктестік (ТОЗ) құрылды. Бұл серіктестіктер «Балықбас», «Қабанбай», «Өндіріс», «Ленин», «Шеңгелді» деп аталды. 1937-1938 жылдары іріленіп, Ленин ұжымшары болып қайта құрылды. 1957 жылы ұжымшар күріш өсіретін Ленин атындағы кеңшар болып өзгертілді. 1996 жылы кеңшар таратылды. 1997 жылдан Тұрмағамбет болып аталды.

Тұрмағамбет ауылы – Ұлы дала еліндегі баба дәстүрлі жырдың киелі Отаны. Осы киелі атақоныстағы адамдармен ататек негіздері бойынша ағайындықтуыстық тектері бір «Майлыөзек», «Тәйімбет Көмекбаев» (Бұрынғы «Жаңақала»), сонымен бірге, «Қуандария», «Ақжар», ауылдары тұрғындары үшін көпғасырлық кезеңдерге куә туған өңірдегі географиялық-топономикалық жер-су көріністері, олардың аталуы да айрықша маңыздылығымен баурайды. Аталған елді-мекендердің, әсіресе, Тұрмағамбет ауылының тұрғындары үшін ата-бабаларымызды жаңа буын ұрпақтарға елестететін тұратын тарихи орындар айрықша маңызды. Әсіресе, Сырдария өзенінің төменгі ағысы мен одан бастау алатын Қуандария өзеншесінің жағалау атыраптарындағы байырғы дәуірлерде болған 50-ге тарта отырықшы елді мекендердің көне орындары бар. Қазіргі тарих, археология, мәдениеттану, этнология салаларындағы зерттеулер нысанында «Жетіасар мәдениеті» аталып жүр. Көне қалалардың, суландыру жүйелерінің өткен мен бүгінді жалғастырып тұрғаны тарихи шындық. «Бидайықасар», «Сырлыасар», «Дөңгелекасар», «Үңгірлі асар», «Томпақ асар», «Қарасар», «Жалпақасар», «Ағашасар» қала-қамалдар, «Жаңадария» өзені жағалау өңіріндегі сақтардың Шірік-Рабат қаласы, «Ақ ғұндар» (эфталиттер), т.б. тарихи орындардың сақталған сілемдері, үйінділері, обалары – бәрі де Тұрмағамбет ауылының және оған жақын мекендердің байырғы ата-бабалық өркениеттер орталығы болғандығын дәлелдейді. Бұл жерде қазақ жеріндегі алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің бірі – Қаңлы мемлекетінің болғаны мәлім.

Тұрмағамбет ауылына қарасты географиялық мекендердің еуразиялық және африкалық тарихи-мәдени қарым-қатынастар орталығы болғандығын дәлелдейтін деректер көп. Сөз арқауындағы аталған ежелгі заманғы мемлекеттік құрылымдар кезінде қазіргі Тұрмағамбет ақын атындағы ауыл орналасқан өңір арқылы Азия (Үндістан, Қытай, Египет, Иран, Ауғанстан), Еуропа (Италия, Испания, т.б.), Қиыр Шығыс, Орта Азия халықтары мәдени қарым-қатынастарының дәнекері – «Ұлы Жібек жолының» үзіліссіз жүріп тұрғаны да дәлелденіп отыр. Бүкіл Түркі әлемінің абызы Қорқыт ата мен осы өңірді мекендеген ата-бабалардың оғыз-қыпшақ бірлестігімен өмір сүргені, өңірдегі мәдениет туралы айтылған тарихшы ғалымдар пікірі де дәйекті. «XI ғасыр басынан қыпшақтардың оңтүстік және батыс бағытта жылжуы басталады да, көп ұзамай олар Еуразия кеңбайтақ далаларында негізгі күш бола бастайды. Оғыздар, онан соң қыпшақтар иелік еткен қалалар қазір археологиялық ескерткіш қала қалдықтары ретінде тұр, оларды зерттеу және қазбалау жұмыстары құлашын әлі де кең жая алған жоқ. Сондықтан қазір олардың, көбінесе сыртқы топографиясы мен материалдық мәдениетінің кейбір жақтары белгілі» дейді К.Байпақов, А.Нұржанов «Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан» кітабында.


Тұрмағамбет ақын күмбезі

Бұл Қармақшы ауданындағы Тұрмағамбет ақын атындағы ауылға қарасты географиялық өңірдегі байырғы ұлыстардың қазақ өркениетін құраған тарихи-мәдени дамуының бағзы замандардан біздің дәуірімізге ұласқан мәңгілік жалғасып келе жатқан дәстүрлі болмысын айғақтайды. Ежелгі дәуірлерден біздің заманымызға дейін талай ұлыстардың, мемлекеттік құрылымдардың тарихи-мәдени араласуларының орталығы болып келген бұл ата-бабалар мекені – бүкіл Түркі әлеміне ортақ баба дәстүрлі жырдың киелі Отаны. Себебі, осы қазіргі Тұрмағамбет ауылы орналасқан өңір Түркі әлемінің абызы-жырауы Қорқыт ата дәстүрінен бастау алған, Алтын Орда – Қыпшақ, Ноғайлы, одан кейінгі Қазақ хандығы мемлекеттік құрылымдары жүйесіндегі тарихи-мәдени даму қозғалысына тікелей қатыстылығымен, сабақтастығымен ерекшеленеді. Әсіресе, Қазақ хандығы мемлекеттігін сақтауға, нығайтуға зор үлес қосқан Әз Тәуке хан ордасының көрнекті тұлғалары қатарында болған Кете-Байсары руынан шыққан Текей Қарпықұлының есімі ұрпақтарға ұлағатымен маңызды. Текей батырдың есімі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген қазақ хандарының, би-шешендерінің, батырларының тізімінде жазылған. Ал, Қармақшы ауданының мекендеріндегі «Текей әулие» бейіті, «Текей құмы», «Текей қазған құдық» атты жер-су атаулары да халық тарихымен мәңгі сақталатын тұлға тағылымын танытады.

Тұрмағамбет атындағы орта мектеп

Тұрмағамбет ауылы – Түркі әлемі халықтарының көпғасырлық тарихындағы бәріне ортақ эпик-жыршылық пен әншілік-термешілік, жазбаша классикалық әдеби дәстүр тоғысуы тұтастығын сақтап келе жатқан киелі мекен. Жер планетасының барлық құрлықтарындағы түркі тұқымдас халықтардың байырғы ата-бабалық қобыз, шаңқобыз үндері мен жыршы-термеші көмейінен ағындап ақтарылатын терме-толғаулардың, қисса-дастандардың поэтикалық мағыналарын тоғыстырған мақамдарының кешенді сипаты даралығымен бағаланады. Осындай дәстүрлі өнер сипаты Тұрмағамбет ауылының көпғасырлық тарихындағы көрнекті ақындардың, жыршы-жыраулардың, термеші-жыршылардың өнері арқылы осы мекеннің әлем өркениеті кеңістігіндегі киелі болмысын дәлелдеп отыр.

Осы топырақта туып-өскен, қазақ тарихында есімдері әйгілі Ешнияз сал Жөнелдіқұлы, Базар Оңдасұлы, Жиенбай Дүзбенбетұлы, Жүсіп Ешниязұлы, Мұзарап Жүсіпов, Омар Шораяқұлы, Әлібек Байкенов, Әбзәли Егізбаев, Шегебай Бектасұлы, Сабыт Жүсіпов, Үбісұлтан Аяпов, Әлиакбар Жұматаев, Разақ Мыңжанұлы, Берман Бисенбайұлы және т.б. ондаған ақындардың – бәрі де осы Тұрмағамбет ауылының киелі дәстүрі ықпалы аясында танылғандар. Өңірдің арғыбергі тарихы ақын-жыраулардың толғау жырларына, қисса-дастандарына арқау болған. Сақ, ғұн, түркі, оғыз-қыпшақ, Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірлерінде қалыптасқан фольклорлық-этнографиялық, этнологиялық сипатымен ұрпақтар санасында сақталған. Эпик-жыршылық-ақындық, әншілік-термешілік орындаушылық өнер дәстүрін дамыта сақтаушылардың, жалғастырушылардың халықтық эстетикалық көркемдік ойлау биігіндегі шығармашылық даралықтарының ұлағаты айрықша маңыздылығымен көрінеді.

Орта Азиядағы және әлемдегі мемлекеттерге осы Тұрмағамбет ауылында сақталған ата-бабалық мақам-саздарға бөленген сөз арқауындағы Сыр сүлейлерінің философиялық-дидактикалық терме-толғауларын, қисса-дастандарын орындаушылық өнері құдіретімен әйгілеген жыршылардың, термешілердің (Көшеней Рүстембеков, Шәмшәт Төлепова, Қуандық Бүрлібаев, Сүйінбай Ақбаев, Жаппар Тұрғышбаев, Бидас Рүстембеков, Серік Жақсығұлов, Қасарбек Кәрібаев, Арнұр Көшенеев, Дінислам Тоқсанбаев, т.б.) шығармашылық өнер дәстүрі жаңа жас толқын жеткіншектермен жалғасуда. Тұрмағамбет ауылы – XX ғасырдағы кеңестік кезеңде де, қазіргі тәуелсіз қазақ елінің жаңа тарихы XXI ғасырда да ата-бабалар дәстүрін берік сақтауымен бағаланатын қасиетті атамекен. Әлем халықтарының тарихи-этнологиялық ерекшеліктері аясында Тұрмағамбет ақын атындағы ауыл да ұрпақтардың қасиетті атамекені-атақонысы болып ұлықталады.

Социалистік Еңбек Ері, Батыр Ана, Қармақшы ауданының Құрметті Азаматы Сәлима Жұмабекова, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, ақсақалдар алқасының төрағасы Байдан Тұрғанов, кеңестік кезеңде ең жоғары марапат саналған Ленин орденінің иегері, Қармақшы ауданының Құрметті азаматы Әбен Тоғызбаев және т.б. ондаған еңбек ардагерлері ауылдың қасиетті дәстүрін сақтауымен ұрпақ мақтанышы болды. Ауылдағы балабақшадағы, орта мектептегі оқу үдерісі, тәлім-тәрбие жұмыстары сөз арқауындағы ата-бабаларымыздың адамгершілік-имандылық ұстанымы жолын сабақтастыра жүзеге асыруымен ерекшеленеді. Алдашбай ахун есімімен аталатын мешіт те қасиетті дәстүрлі киелі мекен тұрғындарының мәңгілік сақталып келе жатқан халықтық-имандылық көзқарастарын нығайтуға айрықша ықпал етіп отыр. №29 орта мектеп оқу ғимаратының арнайы залындағы әлемдік классикалық әдебиеттің көрнекті тұлғасы Тұрмағамбет ақын Ізтілеуов атындағы мұражай да көп жылдар бойы осы ауыл мәдениеті арқылы бүкіл Сыр бойы ақын-жыраулары мұраларын насихаттау орны болып келеді. Республикадағы, облыс, жақын мемлекеттердегі түркітілдес қандастарымыз ата-баба топырағын әспеттеп, киелі жырдың Отаны Тұрмағамбет ауылын құрмет тұтады.

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

Немістің оғына аяғын алдырып, орыстың орманында досын қалдырып елге оралған жеңіс жауынгері Ғафурдин Жанұзақов сол кезде жиырма бір-ақ жаста екен.Табаны туған топыраққа тиісімен жүдеп-жадаған ауылдың ауыр жұмысына жегілді. Сымдай тартылған кеуделі жігіт жалындап тұрған бойындағы жастық жылуын тірлік тауқыметінен жауыраған жандардың бойына тарата келді. Жұрт жан жылуына мұқтаж еді. Өзі де осы балауса жасына қарамай-ақ басынан ауыр тағдыр кешіп үлгерген. Сірә, екі мүшелге әлі толмаса да ұзақ бір ғұмыр жасағандай.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Ол елдің іргесін көтерді, ел оның бейнесін көтерді

1937 жылы «Ақарық» колхозының төрағасы болып жүрген әкесі Жанұзақты «үндеместер» апақ-сапақта үн-түнсіз келіп ұстап әкетті. Кінәсі не, қандай айып тақты, ол жайында тіс жарған тірі жан жоқ. Жендеттер қауашағын березентпен жапқан қара машинаға әр жерден тұтқындаған бірнеше адамды мінгізіп, Қызылорданың шығыс бетіндегі Қошқар ата қорымына апарып атқан. Жанұзақпен бірге Қызылорда қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қамаш Байғонов, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қайыпназар Қауымбаев та ажал оғына байланды.

Қызыл өкімет қожа-молданы түре қуып, мешіттерді атқораға айналдырды. Ауқаттының малын тартып алды, соттады, ел асырды. Момын жұрттың дінін, ділін, дәстүрін жоя бастады. Ал, ислам діні тарихында аты қалған Есабыз әулие ұрпағы Жанұзақ секілді тектінің тұқымдары ата қанымен сіңген қасиетті жүрек түкпірінде бүршік аттырып, батаны үнсіз қайырып, құранды ішінен оқып, оразаны тығылып тұтты. «Бісмилләə» деген сөзді айтуға болмайтын бір күн туды. Осыған қатысты мына бір оқиға ойға орала береді.

...Тұрмағамбет шайырды түрмеге салып, қызыл бастықтар оның әр айтқан сөзін аңдуды бұйырады. Егер ол ешқандай дінге қатысты сөз айтпаса қамаудан босатпақ болады. Бір күні түрме қызметкері темір есіктің тесігінен тамақ беріп, тыңдап тұрса Тұрекеңнің «бісмилләə» дегенін естіп қалады да, жалма-жан есікті ашып:

– Қане, не дедің, қайтадан айтшы! – дейді түсін суытып.

– Мен не деппін?

– Жаңа тамақты алдыңа ала бере бісмилләə дедің!

– Қағыс естіпсің, ыссы ма әлі дедім, – депті сонда Тұрекең, жарықтық.

Беу, дүние, осындай қилы-қилы заман болды, «қарағай басын шортан шалды». Бұл қоғамнан келе-келе арақшыл әке, араз ұл шықты. Иілмейтін келін, киінбейтін қыз пайда болды. Солқылдап кете беретін бұл соқпақ ұзақ...

Қиын-қыстаудың бәрін көріп, көңілінен өткізген Ғафурдин 1942 жылы соғысқа аттанып, Қырым майданына келіп кірді. Украинаның Кантимовка, Миллеровка деген деревнялары маңында Харьковты азат етуге ұмтылған совет әскерлері неміс фашистерімен жеті күн тоқтаусыз соғысты. К.Подлас, А.Алисов секілді тамаша қолбасшылар қаза тапты. Шығынның көп болғаны сонша, әр ротадан он-он бес солдаттан ғана қалды.

Тарихтан белгілі болғандай, Харьков үшін шайқас Н.Хрущевтің соғыс кеңесін басқарып тұрған кезіндегі сәтсіз ұйымдастырылған жұмыстарының бірі болып шықты. Сол Хрущев кейін қаншама құрбандықпен, қиындықпен іргесін сақтап қалған Кеңестер Одағын басқарды. Харьков майданындағыдай сәтсіздіктерге жаңа жол ашты. Халық жағдайы түзелмеді. Сондықтан бір жылы Ташкентке қарай пойызбен өтіп бара жатып Қызылордаға аялдаған бас хатшыны жергілікті халық ашу-ызамен күтіп алып, вагонға аяқ киімдерін лақтырып, перронға түсірмеген.

Бұл өз алдына бір оқиға, Ғафурдин бұл кезде еңбек майданының бел ортасында жүрді. Жоғарғы басшылар оны алпысыншы жылдардың ішінде ферма меңгерушілігіне сайлады. Меңгерушінің міндетіне сол кездегі 17 мың басқа жуық мал жайы мен ферманың шаруашылығы жататын. Ғафекең алдымен малшылар мен жұмысшылардың жағдайын жасады. Төбе-төбенің қалқасына тығылған үйлерді күрекпен аршыған көше-көшеге сап түзетті. Қолдап арық қазылып, ағаш егілді. Күш-көлік бөліп, әр отбасының отын-су, қорақопсысын ферма тірлігімен қатар атқарды. Осылайша бір ауылдың бет-бейнесін жасады. Тіпті мектеп бітірген ауыл балаларының жоғары оқуға түсуін өзі қадағалап, оларға әке орнына әке болып қол созды.

Жасынан бейнет кешіп өскен ол мал жайы мен жер жайына жетік болатын. Сондықтан Қызылқұмды мал шаруашылығына байланысты игеру бастамасын көтерді. Қай құдықтың суы, қай өрістің оты қаншаға жетеді, ауа райы қалай құбылады, Ғафекең мұны көріпкел секілді алдын ала айтатын. Аудан басшыларының өзі ферма меңгерушісімен санасатын. Сол кездегі облыс басшысы Исатай Әбдікәрімов «Ғафекең дала кемесі ғой» дейтін. Облыста алтынсұр қаракөл қой шаруашылығын ұйымдастырушылардың бірі Жанұзақов басқаратын қой фермасы мал тұқымын асылдандыру мен қаракөл өндірудің кіші фабрикасы атанды. Малшылардың еңбегі жанды, мал басы отыз мыңға жетті.

Ферма меңгерушісі Ғафекең бірде отар аралап жүріп келіншегі толғатып жатқан малшының үйіне түсіпті. Дереу әлгі әйелді күйеуімен қоса астындағы көлігіне отырғызып, өзі атқа мініп қой бағып кетіпті. Ол кісінің осындай қарапайымдылығын ауылдастары жыр қылып айтады.

Бір күні Қызылдың құдығына су тартатын мотор құру үшін тракторшымен бірге құмға қарай жолға шығады. «Бұл кісі қасына бір жұмысшы алса қайтеді. Қазір телешкадан моторды түсіру керек, оны құдықтың үстіне орнату керек...» деп тракторшы іштей уайым жейді. Себебі әрі бастық, әрі бір аяғы протез адамға ауырды көтер деп айта алмаймын ғой деп ойлайды. Сөйтіп құдық басына барғанда Ғафекең трактордан ырғып түсіп, тіркемеге тіреп жол ғып салған қос тақтайдың үстімен моторды сырғытып, оны құдықтың үстіне қондыру жұмысын әп-сәтте атқарып тастайды. Тракторшы болса, оны бір жағынан демеп жүруге ғана септеседі. Мотор құрылып, оны от алдырып, лақылдатып шыңыраудан су сорып жатқанын көрген соң көңілі көтерілген тракторшы:

– Қапеке, бір жұмысшы ертіп алғаныңызда, моторды өзіңіз көтеріп әуреге түспес едіңіз, – дейді.

– Әй, бір моторды телешкеден түсіру үшін бақандай бір жұмысшының бір күндік уақытын босқа өткізіп осында әкелеміз бе? Ал, фермада қанша жұмыс қарап тұр, – депті Ғафекең сонда ашуланып.

Ол қарапайымдылығымен қоса тәртіпке де қатал болатын, сондықтан «ел ішіндегі бір тентекті» жолға салып отырды. Былайша айтқанда ауыл биі болды. Оның айтқанын ешкім екі етпейтін. Сонымен бірге, ауылдың рухани-мәдени өміріне деген көзқарасы ерекше болатын. Ауыл клубына қазақтың ақын-жазушылары мен өнер адамдарын үнемі шақырып, халықты жан байлығымен сусындатты.

Міне, алтын сақадай бітімін бейнетпен мүжіп, туған жерінің бақытын іздеген Ғафурдин Жанұзақов осындай жан еді. Ол Отан қорғау ісінде көрсеткен ерліктері үшін «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз», «Ерлігі үшін» медалімен, бейбіт күндері «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 4 рет бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің алтын медалімен марапатталған.

Әке жолын жалғаған бел баласы, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Әбдіқабыл Жанұзақов ел мүддесі үшін нар жүгін арқалап еңбек етті. Кәсіпкерлікпен айналысып, қаржысын ел мұқтаждығынан аямай жұмсады. Әсіресе ол спортшылар мен өнер адамдарына демеушілік жасауды бірінші орынға қойды. Қаншама бұлақтың көзін ашты. Әкесі болса да солай етер еді.

Ел мүддесінен жаны екі елі ажырамай, өз пешенесінің жазуын туған жерінің тағдырымен таразылаған тарлан әкелеріміздің өмір өнегесін бүгінгі ұрпаққа үлгілеу – рухани жаңғыруымыздың бір белесі.

Отыз жыл бойы Сырдария ауданының «Айдарлы», «Амангелді», «Тартоғай» шаруашылықтарында ферма меңгерушісі болып, аудан экономикасын көтеруге қызмет еткен, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға айрықша атсалысқан Отан соғысының ардагері, еңбек майталманы Ғафурдин Жанұзақовтың есімін есте қалдыру мақсатында «Айдарлы» ауылындағы мәдениет үйіне оның есімін беру туралы ҚР Үкіметінің қаулысы шыққан (№759 қаулы, 18 қараша 2018 жыл. Астана қаласы, Үкімет үйі). Сол қаулы күшімен бүгінде ауылдық мәдениет үйі Ғ.Жанұзақовтың атына беріліп, ауыл ортасынан ескерткіш мүсіні орнатылды.

Өткеннен тағылым болар ұнағанға,

Жазу керек... дастан ба, роман ба?

Бұл – айып, Ғафаңдардың даңқын білмеу,

Лайық мүсін соқсаң бұл адамға! – Бір кезде мен осылай деп «Айдарлы» жұртының аузындағы сөзді өлеңге айналдырғанмын. Елдің сол тілегі орындалды.

Баяғыда Ғафекең әкеміз талай мәдениет майталмандарын ешкімнің тапсырмасынсыз ат беріп алдыратын клубтың бір кезде өз есімімен аталатынын әрине, ойлаған да, сезген жоқ.

Бұл – ұрпағының рухани жаңғыруы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Батыр бейнесін жасаған қаламгер

Сыр бойына белгілі, батыл жүректі, қайсар қаламгер, Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Әлмәмбет Әлішев еңбек жолын «Октябрь» колхозында шопан болып бастаған. Оның алғашқы өлеңдері Қазалы аудандық газетінде 1957 жылы басылған. Қойшы бола жүріп, аудандық газетке әртүрлі тақырыпта мақалалар жариялаған. Қазақтың С.Киров атындағы мемлекеттік университетін журналистика мамандығы бойынша бітірген. Комсомол, партия органдарында, аудандық газетте еңбек етті.

Жазушы-журналист ретінде еліміздің экономикасы мен мәдени-рухани саласын дамытуға елеулі үлес қосты. Арал теңізінің тартылуынан туындаған экологиялық апат зардаптары жөнінде зерттеу жүргізіп, алғашқы проблемалық мақала жазды. Қазалы ауданын Арал ауданымен бірге экологиялық апат аймағы деп жариялатуда оның тындырған еңбегі орасан зор.

Ә.Әлішев Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаевты танытуда көп еңбек сіңірді. 1961 жылы «Үрмәш Түктібаев» атты кітабы, 1970 жылы «Батыр болып тумайды» повесі жарық көрген. Бұл еңбекті атақты жазушы Шыңғыс Айтматов жоғары бағалаған. Повесть 1972 жылы латыш тіліне аударылып, Рига қаласындағы «Лиесма» баспасынан 10 мың данамен басылып шыққан.

Бұдан басқа жазушының «Ат тұяғын тай басар» (1975 ж.), «Байтеректің бұтағы», «Иірім» романы, «Ой орамдары» әдебі-философиялық толғаулары жарық көрген. Ғабит Мүсірепов қазақ-совет әдебиетінің атақты жазушыларымен бірге тілге жауапкершілікпен қарайтын шебер қаламгерлер қатарында жазушы Әлмәмбет Әлішевтің есімін ерекше атаған.

Саналы ғұмырында тазалық пен тәртіпті, адалдықты, ұқыптылық пен ар-ұятты бойына үздіксіз егіп өтті. Сөздің қадір-қасиетіне ұйыта білген Әлмәмбет ағаның жарқын бейнесі ел есінде сақталады.

Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,
философия ғылымдарының докторы, профессор.

Латын әліпбиіндегі пернетақталар сынамадан өтті

ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру міндеттерін іске асыру мақсатында сынама байқау өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен өткен байқауға мемлекеттік қызметшілер және түрлі салалық ұйымдардың қызметкерлері қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Басты мақсат – қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары аясында латын графикасында әзірленген пернетақталарды апробациядан өткізу. Шара барысында қатысушылар арнайы дайындалған пернетақтаны қолдану арқылы мәтін жазып үйренді.

– Бүгін алғаш рет латын әліпбиі орналасқан пернетақтаны пайдаланып отырмын. Өте ыңғайлы, бірақ бірінші тәжірибе болғандықтан диктант кезінде «і» мен «й» әріптерін шатастыру болды. Пернетақта батырмалары ыңғайлы орналасқан, ешқандай кемшілік байқамадым. Сондықтан күнделікті қолдануға енгізуге болады деп ойлаймын, – деді облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының бөлім басшысы Тимур Ибадуллаев.

Латын әліпбиіндегі пернетақтадан аса қатты өзгешелік байқалмады, тек төл әріптер ғана енгізілген. Расымен, бірінші жазғанда қол үйренбегендіктен қиындықтар туады. Бірақ мұны мамандар тәжірибе арқылы қалыпқа келтіруге болатынын айтады.

– Өңірге ҚР Мәдениет және спорт, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің қолдауымен латын графикасындағы пернетақталар әкелінді. Соны сынама байқаудан өткізіп жатырмыз. Шараға мемлекеттік және бюджеттік қызметкерлерден бөлек, жастар мен ерікті азаматтар қатысуда. Жоспар бойынша бір аптаның ішінде 500 адам қатысады. Дегенмен, әлі де тәжірибе қажет ететіні көрініп тұр. Себебі, төл әріпті теруде, есте сақтауда қиындықтар бар. Бірнеше рет жазып қайталаса үйреніп кетуге болады. Барлығы уақыт еншісінде, – деді тілдерді оқыту орталығының оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы Әсел Бақытова.

КӘСІП ПЕН НӘСІП

Ауладағы жылыжай

Бірнеше ұлттың өкілі қоныстанған Қазалы қаласының тұрғындары бағбандық кәсіпті жете меңгерген. Қала көшелеріне аяқ су үш бағыт бойынша су насосы арқылы айдалады. Қала тұрғындарының бау-бақша егуге деген ынта-ықыласы өте жоғары. Шаруа қамын күйттеген еңбекқор жандар жаз бойы қызанақ, қияр, сәбіз, жуа, өзге де көкөніс егіп, несібесін адал еңбегімен айырады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Жинаған өнімдерін отбасы қажетіне жаратады. Ішіпжемнен ауысқанын сатылымға шығарып, табыс табады. Қазалы қаласынан жеткізілген көкөністерді көршілес Арал, Қармақшы аудандарының базарларынан кездестіре аласыз. Ауласында жасыл желегі жайқалып тұрмайтын үйлер жоқтың қасы.

Солардың бірі – Нұрбек Кешубаев. Кешубаевтар әулеті қаланың байырғы тұрғындары. Кезінде ауданға белгілі азамат атанып, ұзақ жыл іргелі мекемеде басшылық қызмет атқарған Нұрдәулет ағамыздың ұлы Нұрбектің де жеке кәсіпкер ретінде атағы көпшілікке жақсы мәлім.

Марқұм Нұрдәулет ағамыз да шаруаға икемі бар, бау-бақша егіп, жан-жағын жасыл желекке көмкерген адам болатын. Перзенттерінің де зердесіне қасиетті Жер-анаға тер төксе еңбегінің еш кетпейтінін ұғындырды. Мұндай ұлағатты тәрбиені бойына сіңіріп өскен Нұрбек әкеден қалған қасиетті қарашаңырақты жайқалтып отырса, неге сүйсінбеске?! Ауладан аттағаннан кеуденді ерекше сезім билеп, өзгеше көрініске тап боласың. Мамандығы құрылысшы Нұрбектің ізденуден жалықпайтынын самалмен тербелген алуан гүлдер дәлелдей түседі.

Ауладағы жылыжайды ол өз күшімен дайындапты. Қабырғасы ағаштан жасалып, кленкамен қапталған, аумағы 15 сотықты құрайтын жылыжай көмірмен жылытылады. Қазалының қысы ерекше суық әрі ұзаққа созылатыны белгілі. Сондықтан жылыжайды бірқалыпты мөлшерде жылыту оңайға соқпайды. Біршама тер төгіліп, қомақты қаражат жұмсалады. Жылыжайда көктемде далаға егетін гүл көшеттері дайындалады. Нұрбек мұнда гүлдің петуния, бархатцы, кашмия сияқты тағы да басқа 15 түрі өсірілетінін, тұқымын Голландиядан интернет арқылы алдыратынын айтты. Шығыны да аз емес. Жылыжайда гүлмен қатар қияр, помидор, бақлажан, болгар бұрышы, капуста тәрізді бақша көкөністерінің көшеттері де әзірленеді екен. Аудан тұрғындарынан Байқоңыр қаласы, Арал ауданынан сұраныс жиі түседі. Гүлдер жауын үлгісінде бүркіп, көшеттер тамшылату тәсілімен суғарылады.

– Маусым айында гүл таратылып болады. Аудан көлеміндегі саябақ, мекеме, тағы басқа мекемелерден сұраныс бар. Бірнеше жыл бұрын кәсіпкерлік палатасы арқылы 3,5 млн теңге несие алып, тіршілігімді жандандырдым. Қала әкімі Рахметулла Ізтілеу мен аудан әкімі Мұрат Ергешбаевқа көп рақмет. Қашанда қолдауларын сезініп тұрамын, – дейді жеке кәсіпкер Нұрбек Кешубаев.

Қазалы қаласы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының мельхиор қорытпасынан жасалған коллекциялық монеталар сататындығы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалы мельхиор қорытпасынан жасалған: «Көрнекті оқиғалар мен адамдар» монеталар сериясынан «Теңгеге 25 жыл», Қазақстанның флорасы мен фаунасы» монеталар сериясынан «Бұлғын» коллекциялық монеталардың сатылуы туралы хабарлайды.

Номиналы 100 теңгелік монеталар мельхиор қорытпасынан жасалған, салмағы – 11,17 грамм, диаметрі – 31 мм.; дайындау сапасы – «brilliant uncirculated».

Монеталар оларда белгіленген номиналға сәйкес төлем қабілеттілігіне ие, бірақ олардың негізгі мақсаты – тарихи, мәдени-ағартушылық, коллекциялық және нумизматикалық.

Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған және арнайы полиграфиялық қаптамада шығарылады.

Монеталар достар, туысқандар алыс және жақын шетелдерге барғанда іскер серіктестер үшін, біздің облысқа келетін шетелдік қонақтар үшін, тамаша сыйлық бола алады және Қазақстан туралы, оның тарихы мен бай табиғаты туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Монеталардың құны - 1000 (мың) теңге.

Асығыңыз, саны шектеулі!

Коллекциялық монеталарды филиал кассасынан сағат 8:00-ден 14:00-ге дейін ала аласыздар, түскі үзіліс 12:00-ден 13:30-ға дейін, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 30.

Анықтама телефоны: 55-15-18, 55-15-25 (ішкі: 3123, 3122).

Кенеден қорғана білесіз бе?

Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен және облыс әкімдігінің қаулысымен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы және энзоотиялық ауруларының тізбесі бекітілген. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруымен ауыл шаруашылығы жануарлары ауырмайтындықтан бұл тізбеге енгізілмеген.

Облыстың ветеринария саласы эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында аса қауіпті жұқпалы 14 түрлі және энзоотиялық 6 түрлі аурудың алдын алу бойынша диагностикалық, профилактикалық іс-шаралар, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, т.б. үлкен жауапкершілікті қажет ететін жұмыстарды атқара отырып, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

Сонымен қатар, ЖАО-ның ветеринариялық ұйымдарының мамандары негізгі атқаратын жұмыстарынан тыс, ҚҚГҚ ауруының алдын алу бойынша көктемгі-күзгі эпидмаусымдарда тиісті маңызды іс-шаралар – мал қораларының механикалық-санитариялық тазалануын, кенелерді жоюды ұйымдастырып келеді.

ҚҚГҚ – табиғи ошақтық аса қауіпті ауру. Осы қауіпті ауруды жұқтыру көктемгі-күзгі маусымда тіркеледі. Адамдарға бұл ауру денесінде ауру қоздырғышы бар кене шаққанда, науқас адамдармен қарым-қатынаста жұғады, мүгедектікке, кейде өлімге әкеледі. Вирус адам ағзасына жұққаннан кейін 1-14 күн ішінде аурудың алғашқы белгілері біліне, басы солқылдап, дене ыстығы көтеріледі және бүкіл денесі сырқырап, қатты ауырады. Соның салдарынан бойын әлсіздік билейді.

Облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің мәліметі бойынша осы жылдың эпидемиологиялық маусымына ҚҚГҚ ауруынан 123 елді мекен қолайсыз болып танылды. Бұл елді мекендерді кенеден залалсыздандыру іс-шараларына облыстық бюджеттен жыл сайын тұрақты түрде қаржы бөлініп келеді. Тұрғылықты халық аса қауіпті аурудың зардабын тартпас үшін бөлінген осы қаржыны тиімді әрі нәтижелі пайдалану мақсатында мал қораларындағы көң-қилары уақытылы алынып, механикалық-санитариялық тазаланып, жүйелі түрде залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуі қажет.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық препараттар мемлекеттік реестрінде тіркелген креолин 5% ерітіндісін пайдалану, осы қолайсыз елді мекендерде барлығы 488,1 мың бас малды, қоралар мен суатшаңлақтарды залалсыздандыруға жұмсалатын препараттың жобалық есебі нақтыланып, облыстық ветеринария басқармасы тарапынан облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасына ұсынылды.

«Ветеринария туралы» заңда елді мекендер аумағын санитариялық тазалауды ұйымдастыру аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің құзыретіне берілген. Осыған байланысты әкімдер тарапынан тиісті жұмыстар атқарылуы қажет.

Қазір облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы өткізген мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша жеңімпаз мердігер мекемелер қолайсыз елді мекендерде күзгі кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізуде.

ҚҚГҚ ауруының алдын алу, болдырмау мақсатында кенеге қарсы уақ мал басын ванналарда тоғыту жұмыстары 2013 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Биыл көктемгі эпидмаусымда 170,8 мың бас уақ мал кенеге қарсы тоғытылды.

Сонымен қатар, мал иелерінің өз қаржысы есебінен көктемде 173,4 мың бас мал кенеге қарсы ветеринариялық препараттармен алдын ала егілді. Бұл препараттарды пайдалану үнемді әрі тиімді.

Соның бірі – «Ивермек» инъекцияға арналған ерітінді сұйық дәрі. Паразитарлы ауруларды емдеуге және алдын алуға ірі қара, қой, ешкі, түйе мен шошқаға пайдаланылады. «Ивермек» түссіз немесе сарғыш болып келеді. Бұл дәрі құрғақ, қараңғы жерде 0^0С пен 25^0С аралығында сақталуы керек. Флакон ашылған соң 24 күнге дейін ғана сақтап пайдалануға болады. Инъекциядан кейін дәрі 10-14 күнге дейін белсенді әсер етеді. «Ивермек» 50 кг салмаққа 1 мл мөлшерде салынады. Дәрі малдың терісіне жабысып тұрған паразиттермен қоса ішкі құрылысындағы көптеген зиянды құрттарды жойып, малдың тез оңалуына септігін тигізеді.

Мал жайылымдары мен далалық жерлерде, егіс алқаптарында еңбек ететін адамдар кенелер көбейген кезде сақ болғаны жөн. Жұмыс кезінде ұзын жеңді, ашық түсті киім киіп, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып қою қажет. Дененің барынша жабық болғаны дұрыс. Малды күту және қырқым кезінде арнаулы қорғаныс киімдер мен қолғап киюді естен шығармаған абзал. Жұмыс соңында денесі мен киімдерін кенеден тазартып отыруды әдетке айналдыруы қажет.

Кене шаққанда өздігіңізбен емделуге болмайды. Себебі, денеге жабысқан кенені дұрыс алмасаңыз, жағдайыңыз тіпті нашарлап кетуі мүмкін. Кенені май тамызып алуға болмайды, қанға тойып алған кене тұншығып, қанды қайтадан жараға төге салуы мүмкін. Өзіңіз жұлып тастасаңыз, тұмсығы теріде қалып қояды. Оны байқау өте қиын. Ең дұрысы, денедегі кенені пинцетпен немесе ілмек жасап жіппен сағат тіліне қарсы бағытта бұрап отырып алу. Шаққан жерді тек антисептик немесе спиртпен өңдеу керек.

Егер, өзіңізді кене шаққанын байқасаңыз, міндетті түрде дәрігерге көрініңіз.

Облыстық ветеринария басқармасы.

Салық төлеушілерге ДСҰ мен ЕАЭО шеңберінде тауарлар айналымының шарттары

Бәріміз білетіндей, Қазақстан – Дүниежүзілік сауда ұйымының (әрі қарай – ДСҰ) толыққанды мүшесі. ДСҰ-ға Қазақстанның кіруінің негізгі шарттары, оның ішінде тауарлық позицияның бірқатары бойынша тарифтік міндеттемелер – алып қою тізбесі, әкелу ставкасы ДСҰ шарттарында Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тариф шеңберінде қолданыстағы кедендік бажбен салыстырғанда төмен болып табылады. Алып қою тізбесі бойынша кедендік әкелім баждарының ЕАЭО БКТ-дан төмен мөлшерлемесі қолданылатын (ауылшаруашылық өнімі, жеңіл өнеркәсіп, көлік құралдары және т.б.) болады. Оларға ЕАЭО қарағанда әкелу кедендік баждың анағұрлым төмен ставкасы қолданылады.

Осыған байланысты, Қазақстанға тауарларды импорттау кезінде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

1) ДСҰ ставкасы бойынша ҚР әкелінген тізбедегі тауарлар, ЕАЭО елдеріне ҚР аумағынан әкетуге тыйым салынған;

2) ЕАЭО БКТ мөлшерлемесі бойынша ҚР әкелінген тізбедегі тауарлар ЕАЭО кедендік аумағына алып келген кезде кеден тауарлар декларациялар мен электрондық шот-фактураның (бұдан - ЭШФ) көшірмелері мемлекеттік кірістер органдарымен расталуы қажет;

3) ҚР өндірілген тізбедегі тауарлар ЕАЭО мүше мемлекеттеріне әкетілген кезде, егер осы топтың тауары алып қою тізбесінде болған жағдайда, СТ-1 нысанындағы тауардың шығу тегі туралы куәліктің түпнұсқасы және ЭШФ-тың көшірмесі расталуымен сүйемелденуі тиіс;

4) ЕАЭО мүше мемлекеттерінен ҚР аумағынан әкелінген тізбедегі тауарлар, ЕАЭО мемлекеттер аумағына әкелінген кезде, жанама салықтарды төлеумен тауарларды әкелу туралы өтініші және ЭШФ-тың көшірмесі расталуымен сүйемелденуі тиіс;

ЭШФ-ты растау аумақтық кірістер органдарының қалалық және аудандық басқармаларына жүктелген.

Алып қою тізбесіндегі тауарлар, яғни, ДСҰ мөлшерлемесі бойынша әкелген тауарлар ҚР аумағынан шығарған кезде, ЕАЭО мүше мемлекеттердің заңдарына сәйкес жауапкершілік шаралары ескерілген.

Бұдан тыс, алып қою тізбесіне енгізілген тауарларды әкетуге электрондық шот-фактураларды толтыру электрондық цифрлық қол қоюы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болуы тиіс. Осыған байланысты, сауда қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлер міндетті түрде ЭЦҚ алуы қажет.

Сонымен бірге, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар мен салық төлеушілер Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлар айналымының шарттары жөнінде туындаған сұрақтары мен мәселелері туралы облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің экспорттық бақылау басқармасынан, мына көрсетілген мекен-жай бойынша толық ақпарат алу мүмкіндігі қарастырылғандығын хабарлайды: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 64 «г», №211 кабинет, телефон 8-72-42-23-50-54.

Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің экспорттық бақылау басқармасы.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E–mail: smjarnama@mail.ru

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үдерісі

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында немесе корпоративішілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік қызметін жүзеге асырады.

Бүгінде басқарма көрсетілетін мемлекеттік қызметтің электрондық үкімет порталы арқылы үлесін арттыру мақсатын көздеп отыр. Жұмыс берушілерге портал, электрондық сұраныс пен құжаттарды «жеке кабинетте» отырып, жолдау арқылы нәтижесін алудың артықшылығын түсіндірудің қорытындысы байқалады. Заңды тұлғалардан түскен 75 өтініштің 74-і «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы (98,6%), 1-і қағаз түрінде (1,4 %) түсіп, барлығы 160 рұқсат берілді. Бюджетке 66,7 млн теңге сомасында салық алымы түсті.

Арал ауданы тұрғындарының назарына!

26.08.2019 жылы Арал ауданының Аралқұм, Шөміш елді мекендерінде;

27.08.2019 жылы Жаңақұрылыс және Тастақ елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоспардан тыс жуу-залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(72433) 2-64-50.

«Арал» СЖКБД филиалының «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі.

(БСН 110841003190 Қызылорда облысының әділет департаментінде 2016 жылдың 1 сәуірінде тіркелген)

Жарамсыз деп есептелсін

Байқазақов Нұрлыбек Сағидуллаұлының атына Қызылорда қаласы, КБИ, 327 кварталы, 34 учаскесіне (қазіргі Қызылорда қ., Ақмаржан ш.а., Атакент көш., 8 үй) берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-156-022-1971, №0144596 01.08.2007ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Қазгермұнай» БК ЖШС компаниясының басшылығы, кәсіподақ комитеті мен ұжымы МГӨД қоймашысы Бейбіткүл Әбдірахмановаға әкесі

Әлібай Әбдірахмановтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№126-127 (19804-19805) 24 тамыз, сенбі 2019 жыл

ТҮЙТКІЛ

Той – халықтың қазынасы. «Той дегенде қу бас домалайды» дейтін қазақ қазір тойдың түр-түрін жасайтын болды. Әрине, тойдың болғаны жақсы. Алайда, байдың малын шашып, барға ұқсап баққан қарапайым халықты несиеге байлап, ас та төк даңғазалықпен өтіп жатқан тойлардың тәрбиелік мәні қандай? Зер салып көрейік.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Бүгінгі тойда ой бар ма?

Тойдан тойдың айырмасы жоқ. Бәрі сол бір көрініс. Ұзын-сонар тілек айту, естелікке суретке түсу, би жарыс, кейде асабалардың күлдіремін деп бүлдіретін арзан ойындары елді ығыр етіп жібергенін де жасыруға болмас. Тойдың түр-түрін жасап үйренген елге енді оның мазмұнына мән беретін уақыт та келді. Себебі, әрбір қуаныш өзіндік сипатымен мазмұнына сай болса дейсің.

Тарихтан белгілі, қазақ даласында өткен тойлардың дақпырты бүгінге дейін жетуі оның мазмұнында болса керек. Әрбір рәсімнің жөн-жоралғысын ата жолымен жасап келген елде ең түйіні рухани қазына жатар еді. Содан да болар қазынаға балайтын тойға халықтың ықыласы бөлек.

Өкінішке орай той көбейген тұста мазмұн да жаңарды. Бірінен бірі асып түсу үшін той бәсекеге айналды. Елді қалай да таңғалдырсам екен деп ұшақпен ұшып жүргендер де бар. Аспаннан ақша шашқандардың да «даңқын» естіп жатырмыз. Демек, ел ырдудырдудан жалықты. Батыстың үлгісі дендеп енген бүгінгі тойлардағы кейбір көріністен де көпшілік жери бастады. Осы орайда той мазмұнын мәселе етіп көтеріп жүрген ұлт батыры Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметованың пікіріне жүгініп көрсек.

«Біз кез келгендікін оп-оңай аламыз. Өзіміздікін көрсеткіміз келмейді. Қалыңдықтың киетін көйлектерін қараңызшы. Кеуде түгел ашық, оның бетіне бір жапырақ фатаны жауып соған беташар жасайды. Неге сол жерде үлбіретіп тұрып сәукеле, ұлттық киім кимеске?! Бұрын қыздарды ұзататын кезде қырмызы көйлек кигізген. Үйінен шығар кезде қыз қызыл көйлегін шешіп, өзі кестелеп тіккен ақ көйлегін киген» деп жазады.

Көп сыналғанның бірі қалыңдықтың киімі болса, кейінгі кезде жастардың ұлттық киімге ден қоюы байқалады. Әсіресе, ұзату тойларында қырмызы көйлек пен зерлі камзол кию сәнге айналуы қуантады. Десе де Зейнеп Ахметова қазіргі тойларда әкесі мен қызының вальс билеуін сынға алады. «Қазір қыздар ұзату тойында сыңсу емес, әкесімен қоштасу вальсін билейді екен. Қай қазақ қызын билеп жүріп күйеуге берген? Мұндай салт ешбір ата-бабамызда болған жоқ» деп қынжылыс білдіреді.

Айтқандай, ата-анаға екі жастың торт жегізуі ерсі көрінсе де селт етпейміз. Қабат-қабат тортты ортаға әкеліп, әспеттеп кесудің қаншалықты мәні бар? Бұл нені ұғындырады? Тағы да ел анасының сөзіне құлақ асайық: «Бір сорақы нәрсе – ата-енеге торт жегізу. Оның алдында шам өшеді. Тойда шам өшіру деген ырымға қандай жаман?! Қазақ шырағын сөнбесін дейді. Ал қуаныштың үстінде шам өшіру қазақтың дәстүрінде жоқ нәрсе. Содан кейін жігіт пен келінді ортаға шығарады. Ата-аналары қоса шығады. Шаңырақ көтеріп, жігіт болып жатқан азаматтың қолына әйелге ұқсатып, пышақ ұстатып, оған торт кескізеді. Келін әлгі тортты қасықпен енесінің, атасының аузына салады. Кішкене әдептілік керек емес пе? Бұл – бізде жоқ салт. Қазақта келіннің қолынан шай ішу деген әдемі дәстүр бар» деп және бір шегелейді.

Қазақтың тойын жаулаған өзгенің қаңсығы таңсық болып жүргенін жасыруға тағы болмайды. Қалыңдықтың гүл лақтыруы, үлкен-кішінің көзінше екі жастың бір-біріне сезімін білдіруі, жігіттің қалыңдығын көтеріп алып кетуі және басқа ерсі көріністер мезі қылғаннан бөлек, дәстүрге айналып бара жатқандай.

Той мазмұнына ой жүгірткен тұста белгілі той орталықтарының жетекшілеріне хабарластық. Олар ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрді қайта жаңғырту жолында ізденіп жүргендерін айтты.

«Ғидаят» тобының жетекшісі Гүлмайса Бекетова:

– Бүгінгі тойларда салт-дәстүрлер жақсы сақталып, тіпті жаңғырып келеді. Алайда ауыт-қушылық өте көп. Көпшілігі батыстық үлгіге еліктегісі келеді. Менің ұсынысым – тойларда ұятты ойындар тыйылса екен.

«Ғидаят» тобы жақында «Қыз Жібек» сценарийін шығарды. Мұнда ұзатылып бара жатқан қызды құрбылары ортаға «Гәкку» әнімен алып шығады. Соңында ұзатылып бара жатқан қыз құрбыларына орамал үлестіреді.

«Шаңырақ» тобының жетекшісі Арайлым Байжігітова:

– Ұлт барда салт-дәстүр жойылмайды. Уақыт озған сайын дәстүрдің жаңаруы заңдылық дер едім. Дегенмен, жаңғыртуды өзгенікін алмастырумен шатастырмау керек. Салт-дәстүрді жаңа уақытқа бейімдеп жаңғырту той орталықтарының негізгі мақсаты болуы тиіс. Менің ұсынысым – тойлар бұрынғыдай ашық аспан астында ұйымдастырылса. Мейрамхана жалдау үшін де қанша қаржы кететіні белгілі. Одан да есік алдына шатыр құрып өткізсе, адамдар арасындағы жылылықты, туысқандық байланысты нығайтады әрі қарашаңыраққа деген үлкен құрмет дер едім. Қазір мейрамхананың төрт қабырғасына қамалған жұрт даңғырлаған әуеннің жаңғырығымен бір-бірімен емен-жарқын сөйлесе де алмай, шаршап қайтады. Бұл – бір жағынан салт-дәстүрді көрсетуге де мүмкіндік. Мәнсіз ойындардан гөрі, тойларда далада асық ойналып, арқан тартып, қол күрес ұйымдастырылса, мазмұнды болар еді. Тағы бір мәселе – ұзату тойда қыз бен жігітті қатар төрге отырғызу үрдіске айналды. Дәстүрімізде ұзату тойында қыз құрбылармен, күйеу жігіт достарымен бөлек отырып, екі жақ әзілдесіп, айтысып, той көркін қыздыра түскен. Осы дәстүрді қайта жаңғыртсақ деймін.

Қазіргі тойлардағы келеңсіз көріністің бірі – ұзатылатын қызын әкесі қолынан жетектеп әкеліп, күйеу балаға табыстауы. Бұл қазақтың тарихында болмаған. Керісінше, қыз әкесі қоштасар сәтте қобалжығанын байқатпау үшін атына мініп кетіп қалған. Сондай-ақ, қазір күйеу баланы қыздың ата-анасы қарсы алып жатады. Ертеректе қыздың құрбылары мен жеңгелері күтіп алған. Осы көріністі тойда жасап жүрміз. Ұлтымыздың салт-дәстүрін бұрмаламай, жаңғыртып, тәрбиелік мәнін насихаттауға күш салуымыз қажет.

ӘДЕП

Кезекке де кезек керек

– Кезектің соңы кім?
– Менмін, айналайын.
– Ендеше сізден кейін болайын, – деп жас жігіт емхананың тіркеу бөлімінің алдындағы орындыққа, менің жаныма жайғасты. Таңғы қабылдауға асыққандардың қатары көп. Кең залды жағалай қойған орындықтың шетінен ғана орын бұйырған жас жігіттің кезегі де жақын емес еді. Осылайша кезек күтіп отырып, әңгіме бастап кеттік.

– Бүгін кешке жұмысқа жүруім керек. Дәрігерлік тексеруден өту үшін келгенмін. Ұйықтап қалыппын, – деп сөзін бастады жігіт.

– Үлгермейтіндей болсам, тәтеме айтармын. Осында жұмыс істейді. Аға, саған көмек керек пе? – деді.

Сөйткенше болмады, тіркеу бөлімінің ақ халатты қыздары да көрінді. Қызметтік орындарына жақындаған оларды кезектегі халық «ыстық ықыласпен» қабылдады. Тіпті жаңа ғана кезек құрып, медбикелерді күтіп отырғандарды танымай қалдым. Кезектің өзі кезек күтіп қалып, емхананың ішінде «сауда» басталғандай сезілді. Кәдімгі сауда емес, өзгеше. Әжелеріміз жасын, аталарымыз сақалын саудалағанда қазақылықтан аттамаған жас буын жол береді. Осылайша жаңа кезек құрылады.

Тартынып жүріп мен де жұмысымды бітірдім. Кеш те батты. Емханадан шығар тұста әңгімемнің басындағы кейіпкерім есік алдында алаңсыз тұр. Мені көріп:

– Аға, жұмысыңыз бітті ме? Мен тәтеме айтқанмын. Қазір қол қойдырып беремін деді. Соны күтіп тұрмын, – деп екі езуі екі құлағына жетіп тұр.

Осы тұста бақшалы ауылда тұратын бір досымның мына әңгімесі есіме орала кетті. Жаз ортасы болып, қауын мен қарбыз пісіп, бақшалары домаланып жеміс бере бастағаннан көлік жалдап ауыл-ауылды, қаланы жағалап өнімдерін сатады. Кейде сәтті болса, кейде өкінішке қарай ойдағысы болмай жатады. Бірақ қолда барын пайдаланып, еңбегінің жемісін көру үшін қандай тәуекелге де дайын тұратын еді. Бірнеше күн хабарсыз қалған ол бірде көшеде жолығып қалды.

– Көрінбейсің ғой, ауылдасың ба? – деп бастадым әңгімемді.

– Жоқ, ауылда болмадым. Ресейден бүгін ғана келдім, – деп жауап берді.

– Саудам жүрмеді. Бірлі-екілі ғана болмаса, айтарлықтай табыс әкелмеді. Сөйтіп жүргенде біреулерден естідім. Ресейде қауын мен қарбызға сұраныс көп екен. Тәуекел етіп, жолға шықтым. Сапарым сәтті болды. Көңілді қайттым, – деп күлді.

– Еее, Ресейді көріп қайттым де. Не көрдің, айта отыр, – дедім мен әңгімеге тартып.

– Қазақстанға шекаралас жерінде болдым. Сол жерде екі күн қауын-қарбызымды саттым. Жүздері сары демесең, өзім сияқты адамдар екен, – деді әзілдеп. – Бірақ менің таңғалғаным олардың кезек күтуінде. Тек мен емес, бірнеше жүк көлігі тұрды. Барлығымыздың тауарымыз бір. Есесіне халық та өте көп. Барлығымыздың саудамыз жүріп жатыр. Бірақ, қанша көп болса да базардың басы тыныш. Тіпті 60 жасқа таянған кісілер алдында бала тұрса да кезекті бұзған емес, – деді. Шынымен-ақ, біз үшін таңсық дүние. Тіпті, іштей әлгі кезек бұзу қағидасына дайындалып жүреміз.

Мен бұл мақала арқылы өзгенің мәдениетіне сұқтанып, халықты қазақылықтан айыруды көздеп отырған жоқпын. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес» деп атап көрсеткендей, бүгінгі қоғамның мәдениетін қалыптастыруды өзіміздан бастасақ деймін.

Оңталап ЖОЛДАСОВ,
журналист.

Кеніш басында өткен конкурс

«Ақшабұлақ» кенішіндегі өрт сөндіру депосында Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған шаралар аясында «Өрт қателікті кешірмейді» деп аталатын өрт қауіпсіздігі бойынша алғашқы конкурс болып өтті. Оған «Қазгермұнай» БК» ЖШС мен ұзақ мерзімді мердігер мекемелер жұмысшылары қатысты.

Конкурстың негізгі мақсаты мен міндеті – жұмысшылар мен қызметкерлер арасында өрт қауіпсіздігі ережелерін насихаттау, алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдана білуге машықтануды жетілдіру, төтенше жағдайлар кезінде дұрыс шешім қабылдап, нақты іс-әрекеттерді жүзеге асыруға үйрену болып табылады.

Турнирге әрқайсысының құрамында төрт адамы бар 14 команда қатысты. Оның ішінде «Қазгермұнай» БК» ЖШС-ның кеңсе қызметкерлері мен өндірістік бөлімшелері жұмысшыларынан құралған командалар саны тоғыз болса, қалған бесеуін ұзақ мерзімді мердігер мекемелер командалары құрады. Конкурсқа қатысушылардың біліктілігін және іс-қимыл әрекеттерін әділ және кәсіби түрде бағалау үшін әділқазылар алқасына Қызылорда облысындағы өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша жаттықтырушылар мен спорт шеберлері тартылды.

Жарыс екі түрлі жаттығулардан тұрды. Алғашқысы практикалық және теориялық бағыттағы өрт сөндірушілер эстафетасы болса, екіншісі өрт сөндіру кезіндегі нақты іс-қимылдардан тұрды. Конкурсқа қатысушылар конкурстың барлық шарттарын орындап қана қоймай, өздерінің біліктілігін жетілдіре білді, сондай-ақ, көрермендерге өрт сөндіру құралдарын пайдалану әдістері мен оқыс жағдай кезінде командада жұмыс істеу тәсілдерін көрнекі түрде көрсете алды.

– Өрт қауіпсіздігі бойынша конкурстың өткізілуі біздің ұжымда үлкен қызығушылық туғызды. Компаниядағы еңбек жолымды өндірісте бастаған мен үшін осы бір ерекше атмосфераға еніп, өзімді компанияның табысты болуы ғана емес, сонымен бірге ұжымның әрбір мүшесі өмірінің қауіпсіздігі үшін үйлесімді әрекет ете алатын үлкен өндірістік ұжымның бір бөлшегі ретінде сезініп, ерекше әсер алдым, – деді қызмет көрсету, тауар сатып алу бойынша келісімдер жасау бөлімінің басшысы Дәулет Өтеміс. – Біздің команданың конкурстағы нәтижесіне ризамын. Келесі жарысқа дейін өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті білімімді жетілдіре беремін.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей болды.

1-орын – «Ақшабұлақ» кен орнындағы Энергиялық қызмет көрсету командасы.

2-орын – Мұнай дайындау және айдау цехының командасы.

3-орын – Газ дайындау және тасымалдау цехының командасы.

Барлық жүлдегерлер Құрмет грамоталарымен және естелік сыйлықтар алды. Турнир жеңімпаздары арнайы ауыспалы кубокпен, ал барлық қатысушылар сыйлықтармен марапатталды. Көрермендер тек белсенді жанкүйерлер болып қана қалған жоқ, сонымен қатар викториналарға қатысып, өрт қауіпсіздігі бойынша ақпараттарға қанығып, білімін жетілдірді. Олардың арасынан сұрақтарға дұрыс жауап берген ең зерделілері ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

– Біздің мақсатымыз осы жобаға компаниямыздың және кеніш аумағында жұмыс істеп жатқан мердігер мекемелердің жұмысшылары мен қызметкерлерінің үлкен қызығушылығын туғызу болды, – дейді осы орайда еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Руслан Қасымханов. – Біз конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестік қалыптастыруға тырыстық. Адамдар нәтижеге ұмтылыс жасап, сонымен бірге оқыс жағдайлар кезінде өздерін қалай ұстау қажеттігін және өрт қауіпсіздігі ережелерінің маңыздылығын түсіне білуі үшін қолдан келгенін бәрін жасадық. «Қазгермұнай» БК» ЖШС бұл турнирді жыл сайын өткізіп, оған қатысушылар санын ұлғайта түсуді жоспарлап отыр.

«Қазгермұнай» БК»
ЖШС-ның баспасөз
қызметі.

Қант диабетімен толыққанды өмір сүру – оңай!

Қант диабеті - ағзаға бірқатар қауіп төндіретін ауру түрі. Диабетпен ауыратын адамға жүрек талмалары, инсульттер, онкологиялық және басқа да аурулар тікелей қатер төндіреді. Сондықтан, олар кісі өліміне анағұрлым жиі әкеліп соқтыратын 5 себептің қатарына енеді!

Қан құрамындағы глюкозаның тұрақты көбеюі: қан тамырларының, бүйрек пен жүрек-қантамырлары жүйесінің зақымдануына, загиптық, гангрена, диабеттік табан, бірнеше диабеттік команың түріне шалдықтырады.

Диабеттің 1-ші типінде инсулинді қолданбай қоюға еш мүмкіндік жоқ, десе де аурудың қарқын алуын тоқтатып, асқынуына жол бермеуге болады. Ал 2-ші типті диабетте - қанттың деңгейін төмендетіп қана қоймай, аурудан толықтай айығуға мүмкіндік бар. Қант диабетін кешенді емдеу үшін біз жаңа «Глюкокрин» парафармацевтикалық препаратын қолдануға кеңес береміз, оны пайдаланудың бастапқы кезеңінде-ақ қандағы қант деңгейі төмендеп, көмірсу алмасуы қалпына келіп, сонымен қатар ағзадан холестерин мен билирубин шығарылады. Осының есебінен, жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысы қалыпқа түсіп, ағзада майлы жасушалар саны кемиді, салмақ азаяды.

Әрі қарай препараттың компоненттері жасушалар жарғақшасы арқылы өтіп, глюкозаның ішке енуіне септігін тигізетін жасушалар бетіндегі құрылымдарды қалпына келтіреді. Осылайша, ағза тіндерінің глюкозаны ұстау және өңдеу қабілеті қалпына келеді. Бір мезетте ұйқы безінің жасушалары қалпына келіп, қажетті инсулин мөлшерін бөле бастайды. Мұндай кешеннің есебінен, эндокриндік жүйенің жұмысы тұрақтанады, оның орталық жүйке жүйесімен өзара байланысы жақсарады, қандағы қант деңгейі қалыпқа келіп, салмақ азаяды.

Басқаша айтқанда, «Глюкокрин» препаратының көмегімен ағзаңызды алдағы жылдар бойы қорғап, қант диабеті нышандарымен ғана күреспей, себебінен де құтылуға болады.

Препарат өзінің тиімділігін дәлелден, барлық қажетті сынақтардан өткен, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданған.

Сондай-ақ, қажеттілік туған жағдайда біздің мамандар, Сіздің денсаулығыңыздың жағдайы мен ауруыңыздың сипаттамасын ескере отырып, американдық және еуропалық препараттардан жеке курстық бағдарлама таңдап, ұсына алады. Оларды біздің орталығымыз: Алматы қ., Абай даңғылы 151, «Алатау» бизнес орталығынан сатып ала аласыз, сонымен қатар, ТМД-ның кез-келген жеріне курьерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: *құрамына химиялық құрауыштар кірмейді.*

Мөлшері және қолдану тәсілі: *2 капсуладан күніне 2 рет. Қажет болған жағдайда қабылдауды қайталауға болады.*

Қарсы көрсетілімдері: *жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емізу.*

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! «ГЛЮКОКРИН» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ - 30% ЖЕҢІЛДІК!

ББК дәрілік зат болып табылмайды

СГР № RU.77.99.88.003.E.001645.04.19 от 26.04.2019 г.

8 727 271 97 97 телефоны бойынша немесе glucocrine.kz сайты арқылы кеңес алып, «Глюкокринге» тапсырыс бере аласыз.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

“АҚ” - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат инистрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып,
“Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 29437 Тапсырыс №1317** | Кезекші редактор **Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.**